


Тоқтар ЗІКІРИН

Әули бір
ғәүрән



Тоқтар 3ІКІРИН

БҰЛ БІР ДӘҮРЕҢ

Алматы
2018

ӘОЖ 821.513.125
КБЖ 84 (5 қаз)
Т 55

Зікірин Т.

А 94 Бұл бір дәурен. (Өлеңдер)/Токтар Зікірин. – Алматы:
«Асыл кітап» баспасы, 2018. – 156 б.

ISBN 978-601-7173-73-6


Бұған дейін оқырмандарына бірнеше жыр-жинақтарымен танылып, жүргіштықтың жылы ықыласына бөлөнген ақын Токтар Зікірин кезекті «Бұл бір дәурен» өлеңдер кітабымен өмірді өзінше ұғып, білуге тырысады. Сондықтан да оның тақырып ауқымы өте кең. Азаматтық, әлеуметтік әуендең жырлары жүрек түкпіріндегі сезімді сырларымен, жан толғаныстарымен ұштасып жатады. Өзекті ауыл мен табиғат тақырыптарынан жаңылмай, олардың өткір мәселелерін көрсетуге ұмтылады. Және оның берін жүрекке жылы тиетін жыр тілінде жеткізуі тәнті етеді.

560003

ӘОЖ 821.513.125
КБЖ 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-7173-73-6
Семейская областная
областная библиотека
им. Г. АЛЖАНОВА
г. Семей, 400000

© Зікірин Т., 2018
© «Асыл кітап» баспасы, 2018



*Осы жыл жинағымды жағтыв үлгінің
жағтасы маган дегенде жандары үзіліп тұрған
атам Зекірия Тоқмейілұлы мен
әкесем Нұртан Жайықұзына арнаймын.*

Бірінші бөлім

ЖАЛҒАСАДЫ ЖЫР ҒҰМЫР

ЖАЛҒАСАДЫ ЖЫР ФҰМЫР

Дәм-тұзым таусылғанша татып жеген,
Адам болып қалуды мақұл көрем.
Өткіземін әр сөзді ой електен,
Жазылып жатқандайын ақырғы өлең...

Тапқандай самалалы жан шырағын,
Сезімнен алышп-ұшқан аршыламын.
Таңғы шықтай мәлдіреп тұрсын деймін,
Жыр болып төгілетін тамшыларым?!

Толқыған теңіздейін күй кешемін,
Тіршілікке өзімше үйлесемін.
Өлеңді өз арымдай көрмегенде,
Өмірді дәл осындай сүймес едім.

Көңілдің көк сағымын қия алмаймын,
Шеңберлі көкжиеқке сия алмаймын...
Ауылымды-ау есіме түсіретін,
Баяғы бала күнді қиялдаймын?!

Ошіре алам осының берін қалай,
Откен күнді жанымның сағынғаны-ай?!
Адамды аңсататын көңіл шердің,
Қоймайтынын қайтерсің қалыңдамай?

Жан сырын ұштастырып ақылменен,
Шалқып жеткен шабытты жақын көрем.
Күйдіремін жүректің отына оны,
Жазылып жатқандайын ақырғы өлең...



БҰРЫНҒЫДАЙ ЕМЕСПІН...

Бұрынғыдай емеспін,
баяуладым,
Ақырында басамын,
жаяуладым.
Найзағайдың жарқылы жоқ қой қазір,
Ілкім сәттен,
жылт еткен ой ауладым?!

Бұрынғыдай емеспін,
кеш тұрамын,
Уақытымды бос кеткен,
еш қыламын.
Таңды қарсы алмаймын қырға шығып,
Сағынышты сезіммен,
кештім ағын...

Бұрынғыдай емеспін,
құлышынбаймын,
Арыны әбден басылған,
мұрсындаймын.
Бүгінде осылай жүргеніме өкінем,
Қиылып кетсем етті,
қыршындай күн?!

Бұрынғыдай емеспін,
басылыштын,
Жүргенім де жоқ оны,
жасырып тым...
Барлығы да өткеннің қас-қағымдай,
«Өмір қысқа» деген сөз,
расын үқтым?!

Бұрынғыдай емеспін,
көңілшекпін,
Таңғы шықтан сұртемін,
кезін шептің...
Еш нәрсеге мойынам жар бермейді,
Ертеңі осы бітпейді,
еріншектің.

Бұрынғыдай емеспін,
дел-сал жаным,
Сиреп кетті таңғалып,
тамсанғаным.
Білмеймін ғой қалғанын қанша ғұмыр,
Жүргегімнен төгілер,
қанша ән барын?

Бұрынғыдай емеспін,
шөгіп барам,
Балауызды шамға ұқсанап,
еріп барам...
Кім біледі бір құні,
кім біледі –
Жарқырап жанып тұрып,
сөніп қалам??



ҚҰНДАҚ ҚАДІРІ

Құндақ сөзі керемет мағыналы,
Жанымнан өте жақын табылады.
Жөргек іісі қалатын ұмытылмай,
Сәби шағын кім болсын сағынады.

Жүргегімнен жыр төксем тыңдал барып,
Айтпауыма болмайды сырды ақтарып?!
Іш көйлекпен тумайды ешбір адам,
Тал бесікте жатқанбыз құндақталып.

Құрсаққа да баланып айтылады,
Құндағы – бұл қазақтың бойтұмары.
Құндағым деп айтқанда кеуде керіп,
Тұған жерім деген ғой ой тұрады?!

Құс ұшады ұядан қанаттанып,
Арманға адам жетеді талаптанып.
Құндағында қанаты жетілгеннің,
Көргенім жоқ жүргенін қарап қалып?!

Ұмытпаймын балалық гүл-бағымды,
Бұрынғыдай бәрі де қырда құнды.
Жөргек іісі шығатын әлі күнге,
Қадір тұтам тал бесік құндағымды!

Құмға шөгіп, келмейді қайырлағым,
Құс бол ұшып кетуге дайын жаным!
Қекіректен Құн-сәуле сөгілгенде,
Дір-дір қағып жылайды қайыңдарым...

Қайындарым жылайды дір-дір қағып,
Көзәйнегі көңілдің бүлдырланып...
Сейілмеген сезімнің мұнарынаң,
Нұрын құйған жаныма бір күн жарық!

Бір күн жарық жаныма нұрын құйған,
Ләззат тапқан аңсатып құйын жырдан.
Жүргегімді жандырган тағдырымнан,
Тегі маған осындай бүйірдың дәм?!

Бүйірдың дәм осындай тегі маған,
Өрекпіген өмірден көңіл алаң?!

Көзсіз барып кім отқа түсер дейсің,
Керек болса, кейін де шегіне алам...

Отқа түсіп, кетпейді жанып кеткім,
Не болмаса жұлдыздай ағып кеткім?!

Күйзелгендеге көңіл-жыр дәптеріне,
Тамшы жас бол байқалмай тамып кеттім...

КЕЗДЕН ӨТТИК...

Кезден өттік шарықта қайралатын,
Шағымыз ғой мықтап бір ойланатын.
Асығудың бізге енді қажеті не,
Үзілетін жол соңы жай да жақын...

Кезден өттік төске сап шыңдайтұғын,
Шағымыз ғой өткенді бүлдайтұғын.
Асырып не, өзгеден жасырып не,
Бала бақтан бүтінгі бұл қай тыным?!



Кезден өттік сүйіліп, сүие алатын,
Шағымыз ғой женсікті тия алатын.
Жетектеліп жүрген де біз емес пе,
Үйде түгіл, тұзде де ие қатын.

Кезден өттік көңіл құс сайрандаған,
Шағымыз ғой қазір бұл қайрандаған.
Бірақ соның бірін де қимайсың-ау,
Қызығына өмірдің тойған ба адам?!

АСЫҚТЫРМА, ӘБІГЕР ЕТПЕ МЕНІ

Асықтырма,
Әбігер етпе мені,
Қорыққанда жаман ой көп келеді,
Жапырағым түскелі жаным жүдеп,
Сыр бөлісер жүректің дәптер емі...

Жұбандырып,
Ал кейде қуандырып,
Ой бұлағын тұсаулап,
Суалдырып –
Төгілетін жырлар-ай,
Құйылатын,
Солған гүлдей сарғайды,
Қуарды үміт?!

Көңіл құпті демеймін өткеніне,
Өмір үшін –
Жаз, күзі, көктемі не?
Жыл мезгілі сияқты тіршілік бұл,
Ауыса да бермейді,
Төрт бөліне?!

Атар таң мен батар Құн болғасын да,
 Өмір-өзен бұрынғы арнасында.
 Асықтырма,
 Әбігер етпе мені,
 Түрган жанмын шыңырау,
 Жар басында...

Құлар ма екем білмеймін,
 Құламаймын...
 Қимай мені түргандай бұл арай Құн?!
 Тайып кетсе аяғым,
 Жақынбаймын,
 Тәңірімнен тағы өмір сұрамаймын...

НЕГЕ, НЕГЕ?

Мазамды алып, айта берді демегің,
 Сенсіз қурап, шел даладай кебемін.
 Жанаширың бола алмадым, ауылым –
 Неге мені бесігіңе бөледің?

Неге маган емшек бердің, еміздің,
 Ши сөреден құрт, ірімшік жегіздің?
 Опасызыңың жасар ұлға неге сен –
 «Кіндік қаным тамған жерім», – дегіздің?!

Неге мені еркелетіп, ойнаттың,
 Біліміңнің тереңіне бойлаттың?
 Өз қағымнан өзім кетсем жерініп,
 Қалай ертең қанатымды жаймақпын?

Неге маган қиял бердің желкенді,
 Құнің бұлдыр болып шықса ертеңгі?



Көшіп жатқан қөшті көріп, қүйзеліп –
Жаным жылап, жүргегім ғой өртенді!

ТАҒАТ

Жүйкемнің тұртқілетпей тұленін,
басу айтып,
Тауып жүрген кіл емін.
Ойнақтатып от басудан сақтайтын,
Төзімім мен тағатым деп білемін!

Тұп тәркіні жатыр оның шыдамда,
басу айтып,
Шығармаған шығанға.
Бойда қаным бұлқып тыныш ағады,
Төзім қазір –
Тағаттанған тың арна!

Тағат етем Тәңірдің әр күніне,
Төзім керек,
шыдам керек тіріге.
Тасып кеткен,
Асып кеткен шағымда –
Қанағат сөз оралады тіліме!

Қиял қанша болса-дагы қанатты,
Тәңір оны ой нәрінен жаратты.
Жүргегімнен төгілеттің жырларға,
Берсін деймін –
Шыдам,
Төзім,
Тағатты!

БҰЛ БІР ДҮНИЕ...

Бұрынғыға, бүгінге бөлінбейтін,
Мәңгілікке жалғасар өмір дейтін.
Бұл бір дүние – көгілдір көк аспаным,
Шеті, шегі ешқашан көрінбейтін...

Тағдыры бір байланған Жер кіндікте,
Бага бар ма жететін ел бірлікке?
Бұл бір дүние – тарылmas кең тынысым,
Бостандықта, егемен еркіндікте?!

Жырлар жазып жаныма гүл еккені,
Топқа салып өзімді түлеткені.
Бұл бір дүние – арманым аңсаттырған,
Махаббатым өшпейтін жүректегі!

Қайырлайтын шығар ғой енді кемем,
Кеудемдегі кеңсарай төрді берем.
Бұл бір дүние – кәдімгі қарашыым,
Тіршілікті қимайтын мәлдіреген...

НАУАН НАУРЫЗ – ҰЛЫСЫМ!

Күншуаққа кенеліп,
Құлпырады нұр даала.
Күн мен түні теңеліп,
Наурыз туды –
Жыл жана!

Өте ғажап мерекем,
Науан Наурыз – Ұлысым!



Енді келіп берекем,
Толады ғой ырысым.

Жатыр жұртым жұмылып,
Тірлік ісі өте құп.
Киіз үйлер тігіліп,
Тойға қазан көтеріп...

Жеті дақыл дәні бар,
Сүтте пісіп балқыған.
Көжесінің дәмі – бал,
Бетінде майы қалқыған.

Нағыз қазақ тойы осы,
Одан қайсы асады?
Қазы, жалы, жаясы,
Бәрін алға тосады.

Ойын-сауық дегенің,
Қыза түсті, көбейді.
Қөгалды қыр тәбенің,
Төсін әнге бөлейді.

Көңілде жоқ бір қылау,
Біз де бірі баланың.
Сағыныппыз, шіркін-ау,
Жұпар иісін даланың!

БАҚЫТЫМ МЕН БАҒЫМ СЕНСІЦ, АСТАНА!

Елбасымыз ғұлама ғой, рас дана,
Қазағымды кең танытқан басқаға.
Елордасын ел ортаға көшірген,
Жарқын ісі – ғасырда ұлы бастама!

Ойдағыны айтар болсақ жасырмай,
Жиырма жылда жол жүріппіз ғасырдай.
Кім ойлаған Ақмоланы кешегі,
Нұрстанға айналар деп осындай?!

Көрсете алар жатқа-дағы, досқа да,
Мақтанышымыз болып отыр бас қала.
Әлемдегі қалалардың әйгілі,
Бірінен де кем түспейді Астана!

Көк Есілдің қос қабагын жайлаган,
Мұндай шаһар көрді менің қай бабам?!
Жаңа дәуір үрдісінде жасалды,
Ұлы дала үрпағына сай қадам.

Осызаман сәүлетіне бой теңеп,
Бұл биіктен көрінбесек қайтар ек?
Бақыт құсы ұя салған басына,
Заңғар көкке қол созады Бәйтерек!

Жасыл желең үшін қанша төккен тер,
Қалаға еніп кеткен дерсің көк белдер?!

Асан бабам іздеп өткен жерүйық,
Осы шығар боз бурасы шөккен жер...

Құлан көшкен сардалаға санаған,
Сарыарқада сағым ойға қамалам...



Бұғін бірақ Астананы көргенде,
Таңдай қағып, бас шайқамас қай адам?!

Көк байрағын желбіреткен Ақорда,
Бұдан артық қоныс мекен табар ма?
Тәңірім оған ақ батасын беріпті,
Осы жерге қазық қағып, қонарда.

Кіндігіне айналғасын Арқанын,
Көзге түсер көріктімсін, жауһарым.
Қала салған қимылышымен таныттың,
Қазагымның кереметтей қауқарын!

Көңілім ақ, ойым да жоқ, зәу бетен,
Алматым-ай, сен де сұлу сәulet ең?!

Қос қанатым сияқтысың өздерің –
Қос астанамның барлығына тәубе етем!

Екеуінің де жолын ондал Жасаған,
Ертеңгі күн тудырмайды еш алаң.
Сарыарқаны жіберді ғой жаңартып,
Алатаудан көшіп қонған көш аман.

Заңғар биік зәулім үйлер көбейіп,
Аумағы да бара жатыр кеңейіп.
Халық саны асып түсіп отырса,
Миллиондық қала демей, не дейік?!

Хан ордасы, жан ордасы осында,
Не жетеді өзіңдей бұл асылға?!

Бақыттың мен бағым сенсің, Астана,
Жиырма бірінші – жана дәуір ғасырда!

КОРКЕЙГЕН ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

Күннен-күнге коркейін бара жатыр,
Үмтыймаймыз бекерден жаңаға құр?
Біздің көне Қызылжар астанадай,
Әсем қала атанар, қара да тұр?!

Түстігішегі қалага кіретін жол,
Басты жолға айналды, білетін бол!
Теміржол асар копірі кеңейтіліп,
Жарапдай бол ұзаққа түзетілді ол.

Озгеріс коп басталған Алакөлден,
Озіміз де жаңдаймыз жаңа корген.
Жағажайы түп-түгел жаңарса да,
Құм шағылға комілін қала берген...

Қала сөні Жамбылдан басталады,
Есіл жағы көшениң тас тағаны.
ДСР-да тұрғызған кешендері,
Құлпыртып жіберді гой, рас, қаланы?!

Зәулімдері осында гимараттың,
Келер жері осында сый қонақтың.
Ығы-жығы қоныстар көшіріліп,
Ізі мүлде қалмаган үй-барактың...

«Жас өркенде» бұл істің жон екені,
Көзге түсіп, көп нәрсе елетеңі.
Қызы құрылыш тұргын үй аясында,
Танымастай өзгертті «Берекені».

Қарасаң да бүгінде қай көшени,
Өркендеу заманга сай деседі.



Қас беттері бояуын соз етпейміз,
Жасыл желек бұрын бар, жай да оседі.

Тынысымен танылған ел қопысы,
Қала салу қазіргі онғен ісі.
Қызылжарым осуі керемет қой,
Бес жыл озды уақыттан ең берісі.

Сезіледі коп жайдап үқынтылық,
Табылмайды корсетер шүкін қылыш,
Қашпа зауыт барын да ойламайсың,
Кең тынысты ауасын жұтын тұрын.

Козге түсер алдымен айтадың бұл,
Тазалығы кониден байқалып тұр.
Төртіншілін, түзеліп жылдан-жылға,
Жас ағаштар кобейген жайқалып тұр.

Электр сымын тереңге салғаны да,
Жақанылдың тұрмыстың талғамында.
Қазір тіпті жарқыран жапады екен,
Түнгі жарық коненің шамдарында.

Танымастай қалалық бақты мұлде,
Бар керемет сол бақтың таш түбінде.
Ертөлі-кеш ағылның қала халқы,
Іні толын тұрады шаттың үнге.

Міне, осылай коркейін бара жатыр.
Үмтүлмаймыйз бекерден жаңаға құр.
Біздің көне Қызылжар астанадай,
Осем қала атапар, қара да тұр!

ҚЫМБАТ МАҒАН ІҢІР КҮН

Тезек иісін ауылдағы іңірдің,
 Жұтып өстім,
 Аңсаймын-ау бүгін күн?!
 Балқып батқан көкжиеекке қол созып,
 Қеліп кетті жалаңақ жүгіргім...

Қеліп кетті балалыққа оралғым,
 Мауқым басып,
 Қалай оған қанаармын?
 Ауыл менін құндағымсың төрбеткен,
 Құстай ұшып,
 Әнтықпайды саған кім?!

Бұрынғы емес,
 Қазіргі күн – құрамыс,
 Балалықтың бар елесі тым алыс...
 Қызыл іңірде қызыу тірлік көре алмай,
 Жан ауырып,
 Езіліп қой түрады іш...

Обалы көлдің әр жағынан шағылдың,
 Қымыздықты қыр беткейді сағындым.
 Бүгіндері батпақтанып бара ма,
 Қатып қалған қатпарындай қамырдың??

Қурай өскен,
 Бойымыздан жоғары,
 Көлден бұрын,
 Жол жиегі қоғалы.
 Біз білетін қызыл іңір ауылдың,
 Көз алдында сиқы кетіп барады.



Бұрынғыдай ақсақалдар дүйім көп,
Кешкілікте бие қосар үйір жоқ.
Балалықтан түк қалдырмай еске алар,
Бәрін жайпап өткендейін құйын кеп?..

Жол тақырды құрған талай асықты,
Боз даланың қияқ шөбі басыпты...
Жоғалған соң тіршілігі інірдің,
Көңілдегі көп үмітті жасытты.

Сонда дағы қымбат маған іңір күн,
Ұмытылмас сәттері бар ғұмырдың.
Мейлі түгел ауыл көшіп кетсе де,
Қырға шығып келеді бір жүтіргім...

Ішілмейді бұрынғыдай бұл шарап,
Сусын өмір, босап қалды құм сағат...
Жапырағы үзіледі жылдардың,
Жұлдызы ақса жатыр оны кім санап?

Ішілмейді бұрынғыдай бұл шарап,
Бойды түгел боркемік ой құрсан ап.
Көңілдегі көшкен тұман қалыңдан,
Барады енді көкжиекті түмшалап...

Ішілмейді бұрынғыдай бұл шарап,
Туар құні жақындағы сын сағат.
Кеүіп қалған ерінімді жібітіп,
Сусын басар ішемін ғой су шалап?!

СӘТСІЗДІК ЖӘНЕ СӘТТІЛІК

Адамды осы жетелей ме тәтті үміт,
Ара-тұра қармағын сәл қаптырып?!
Он жыл ойнап, бір үтпадым Бингоны,
Маған мұлде жетпей қойды сәттілік.

Бала кезден жолым болмай асықтан,
Мұлт кетуші ем, жұрт тигізер қашықтан.
Қорғасындаң құйған сақам болса да,
Қызыс кетіп, жігерімді жасытқан...

Карта ойыннан тағы түспей ұпайым,
Қатты ұтылып, бірде жұрдай жұтайын.
Қолымдағы бардан солай айырылып,
Сәтсіздіктің көрдім талай құқайын?!

Айта берсе, мұндай жайлар табылар,
Сәттілікті жан емеспін сағынар.
Бәрін қойшы, жалғыз көзді қарақшы,
Автоматтан ұтылғаным тағы бар.

Неге маған жетпеді деп сәттілік,
Құмар құннен сұрайтындај жоқ қылық.
Менің үшін өмірде үлкен сәттілік –
Отырғаным жыр-жүректі от қылып!

БОСҚА КЕТКЕН УАҚЫТ ЖАЙЫНДА

Тынышсыз боп барамын тегінде мен,
Көр-жеріне өмірдің көңіл бөлем.
Бос уақытты бекерге шығын ету –
Кемістігім деп білем көрінбеген?!



Қанша ғұмыр қалды енді шекіп жеуге,
Шамам жетсе тырысып өкінбеуге?
Соны ойласам, өзім де бекінемін,
Бос уақытты бекерге кетірмеуге.

Көбі үйқымен өтетін тірліктегі,
Құндізгі істер былығып бір бітпеді.
Жұмыспенен жүрдік қой қеңседегі,
Қаракетті ұмытып тұндіктегі.

Болса уақыт думан кеш, тойға барып,
Арақ ішіп, қарынның тойғаны анық.
Ғұмырда бұл қалатын есте мәңгі,
Дұрыс іске көрмеппіз пайдаланып?!?

Бойкүйездік болды ғой бойымызда,
Мән бермейтін бос жүрген жайымызға.
Қыңқ етпейтін жан едік, қайтерсің-ау,
Қасқыр шауып жатса да қойымызға?!

Еріншектік бізден ғой арылмаған,
Жастық шақтың өзінде жалындаған.
Селендең бос жүретін жігіттердің,
Ауласында отыны жарылмаған...

Мұндай мысал жетіп қой артылады,
Босқа кеткен уақыттың бар тұманы...
Бағалайтын болса адам бос уақытын,
Ертеңіне бүгіннен қам қылады!

ІЗДЕМЕЙМІН

Қонар болар бір бақыт бізге деймін,
Сондықтан үмітінді ұзбе деймін.
Оған қол созғаныммен, аспанымнан –
Құймақ жауар күнді де іздемеймін?!

Іздемеймін өмірдің жеңіл жүгін,
Талап етер тың іс көп елім бүгін.
Халқымменен бірлесіп көтеретін,
Құатымның барына сенімдімін.

Іздемеймін жан тыныш, қарын қамын,
Алғы күннің әрдайым қамындағын.
Шегініс жоқ мен үшін, қалаймын ғой,
Биігім мен асуым алынғанын?!

Сырыма жаратпайтын сенші менің,
Тасып орта көңілдің көншігенін.
Кеткенім жоқ ешкімнің алдын орап,
Маңдайыма жазғанды еншіледім.

Іздемеймін мақтаулы сөзден ұтым,
Қызғаныш қып көргем жоқ өзгенікін.
Сондықтан да сатылмас ар-ұяттың,
Салмақтанып барады безбені тым...

Бүйрек бүрмаса да бізге мейлі,
Өткенді санамда екшеп тізбелеймін.
Тіршілікке құл болып, жабыспаймын –
Мәңгілік өмірді де іздемеймін!!



АЛА ТҮНДІ ТӘРІК ҚЫШ...

Ала түнді,
Кәдімгі ала түнді,
Қиғандай-ақ жарқанат қанатынды.
Көміп тастау керек қой,
Көрінбестей,
Қиқымдалған қиялды,
Бар ақылды...

Жеңсік көңіл бәрінен жерінгесін,
Безсін мейлі өмірден,
Көрінбесін.
Адам ары олшенген таразыдан,
Қалдық қалып,
Ештеңе бөлінбесін!

Берешектің барын да сезінбейік,
Ұйықтамайық,
Іздейік,
Көз ілмейік.
Жан азабын тартатын кездे мына,
Ұрлықшыдай үйдегі көрінбейік.

Көндігерміз, қайтесің –
Өмір кейіп,
Өткен күнге бірақ та шегінбейік.
Аяматын,
Ешқашан кешірмейтін,
Қаталдығы тағдырдың темірдей –
Ұқ!
Өмір мәнін түбінде бір ұғасың,
Тапқан шақта,
Бас қояр құбыласын.

Өзегінді өртейді-ау өкінішің,
Сындырып алсаң оның құмырасын?!

Дауылға қарсы қойып,
Жанды дүлей,
Санамның саңлауына тамды бір ой...
Бәрін жапқым келгенмен,
Жабылмайды –
Үңірейіп аспанда қалдың үрей?..

Қалай енді желпісін,
Желпімесін,
Шамаңа қарап қана серпілесің?!

Үрейлі аспаныма қарай-қарай,
Жынданып кеттім білем,
Өлтіресің!

Тәрік етіп,
Талақ қып ала түнді,
Маза көңіл орнықты,
Жаңа тынды.
Тіршіліктің қабаган,
Тоймайтұғын –
Аш иттері балаққа оратылды...

Өмірден аз көрейін, көп көрейін,
Көпсінбеймін ешкімнің бақ-мерейін?!

Аты озғандар тағы да алсын бәйге,
Ал сыртынан оларды сөкпе дейім!

Білмесек те көпті бұл тойдырғанын,
Қызғанбаймын біреудің той-думанын.



Қуандар қуансын шат көңілден,
Жалғыз өзім кезейін ойдың бағын...

Дәulet қонса біреуге көктей ілген,
Оған бола ешкімді сөкпейім мен.
Адам үшін тірлікте асары жоқ,
Ақтарылған ақжүрек кең пейілден!

ЖАРАТҚАННЫҢ БҰЙРЫҒЫ

Кім ұғады көңіл мен қүйді мына,
Түсіп кеткен тіршілік қимылына?!
Көніп жүрген жанбыз ғой, сеніп жүрген,
Жаратқаным, жан ием бұйрығына.

Бұйыртқан ғой бізге осы Тәңір заңын,
Көргенім жоқ және оның жаңылғанын.
Бұйрық солай болғаннан шығар мүмкін,
Жатқаны да жүректе жанып жалын?!

Бұйырғаннан безініп қаша алмайсын,
Бұйырмаса қарға адым баса алмайсың.
Тылсым дүние бұл өзі бұйрық деген,
Оның сырын ешқашан аша алмайсың.

Осы күнгі бұйрыққа ол жанаспайды,
Райбат сөз бер сөгіс жоқ, жақ ашпайды.
Тәңір бұйрық өзіңмен бірге жасап,
Пешенеде жазғанға таласпайды?!

Шығарсың жоққа ғой қалай мұны,
Тәңіріне болар іс бәрі әйгілі.
Бұйрық солай дегеннен әрі бармай,
Бас иеді алдында талай құлы.

«Жазмыштан озмыш жоқ» деп айтылады,
Ол дағы осы ұғымның бойтұмары.
Жаратқаным жыр-тағдыр берді маған,
Бүйрық солай болды-ау деп ой тұрады!

АУЫЛДЫҢ МҰҢЫ ҚАЛЫҢ

Көптен бері ауылдан хабарым жоқ,
Ойламаппын хабарсыз қаларым деп.
Ұшастыра алмадым ауылдасты,
Сырттағысын ал оған санағым жоқ.

Көз көргендер қалмады, ұғынамын –
Ауыл артқан жүректің мұңы қалың...
Құрауга енді келмейтін әйнектейін,
Шытынап түр, қайтейін, шыны жаным?!

Іштей жылап боздаймын, сөгілемін –
Бауырым гой, бауырым бәрі менің.
Бір кездері көрінген бәйтеректей,
Қайда безіп кеттіңдер, кәрілерім?

Танытады жастары жаттың кейпін,
Үй табылmas барғанда at тірейтін.
Бір абыз жан қалмады-ау ертеңгіге,
«Ауыл осылай жоғалып кетті», – дейтін?!

Сол себепті ауылдан хабарым жоқ,
Сұрау салып, жауап сез аларым жоқ.
Бірақ бармай ауылға болмас деймін,
Ең соңғы рет келіп түр қарағым кеп...



ЕҢ СОҢЫНДА КІМ ҚАЛАРЫ БЕЛГІСІЗ

Менің үшін Жерүйыққа бергісіз,
Тұған жерім қазір адам көргісіз.
Жұз отыз үй Балуан ауылы жоқ болып,
Соңғы түтін кім қалары білгісіз?

Түгел көшіп кеткенінше тайпа елі,
Қалар мүмкін Қажыкеннің Байкені?
Не болмаса ақсақалдың соңғысы,
Есләм қарт қала ма өзі, қайтеді?!

Осы екеуінен жоқ сияқты лайықты,
Суга батар тастамайтын қайықты...
Қалғандары отыргандар елеңдеп,
Тәңірінен күтіп көшер ғайыпты.

Ауыл жақта бұрын орман бүтін-ді,
Пұл бол түгел, жең ұшынан жұтылды.
Төңірктің тамаша өсken қайыңын,
Орманшының өзі сатып бітірді.

Осылайша жаудай бәрі шапқан ел,
Азынаған жел өтінде жатқан ел.
Маза бермей түрады ғой жаныма,
Ауыр жайы қабыргама батқан ел?!

Менің үшін Жерүйыққа бергісіз,
Балуаным бүгін адам көргісіз.
Он бес шаңырақ түтіні бар небары,
Ең соңында кім қалары белгісіз?..

АУЫЛ ҚҰРЫП БАРАДЫ

Ауыл құрып барады,
 Үзілді үміт –
 Жаңа ғасыр қисайып қырсық ақты...
 Қебік сөзден көпірген түңілді жұрт,
 Жұт көнілді жылатты,
 Қыңызатты...

Мектеп қалды қос қабат айдалада,
 Қыркүйекте есігін кімге ашады?
 Сыймай бұрын жататын қайда бала,
 Қоқтемейді-ау құндақтың бір масағы?!

Байланыс жоқ,
 Бәрінен ағытылған,
 Электр сым бағандада ілініп құр...
 Қалғаны жетім-жесір, кәрі-құртаң,
 Жан жүрегім сөгіліп,
 Тілініп тұр!?!?

Өскіні жоқ,
 Сосын да кескіні жоқ,
 Ауыл құрып барады-ау,
 Ауыл құрып.
 Қөргенменен көнені, ескіні көп,
 Түсіне алмай қалыппыз дәуірді ұғып?!

Жыр жазғаным –
 Жәдігей мақпоз қылық,
 Мен де сорлы,
 Мұсәпір кейіптемін.
 Қорқытады ауылды тоз-тоз қылып,
 Өсіп бара жатқаны бейіт қорым...



БҰРЫНҒЫ АУЫЛ ЖАЙЫ ЖОҚ

Сұрамай қалай жата алам,
Борыштымын алдыңда.
Аяздан қысқы қақаған,
Ауылым, аман қалдың ба?

Жұрсің бе әзір амалдап,
Тірісін бе, бармысың?
Биылғы қыстан аман қап,
Қаншаға жетер бар күшің?!

Қамыс үйлерің шіріді,
Іші тұр-ау азынаң.
Қыстың шұнақ іңірі,
Тондырады қазір-ақ...

Оталып жатқан орманың,
Жылу беріп жарытпай...
Қар басып қалған жолдарың,
Жабылған шығар толықтай?!

Құн кешіп жатқан ауыр жай,
Бірімен-бірі ілдесіп...
Қоймасын қалай ауырмай,
Жүргегім оған үндесіп?!

Еңсеріп алар өр күшпен,
Болмады-ау, шама, қайыр ет!
Соғымын сойып, сорпа ішкен,
Бұрынғы ауыл жайы жоқ...

Тірері боп жарытпадық тұндіктің,
 Айтатұғын осы құні жыр қып мың?!

Аман қалған басымызға таң қалам,
 Арасынан небір құлық, сүмдықтың...

Құр бекерге өткендейін сырғып құн,
 Басы да жоқ, аяғы жоқ бұл жүттың?!

Отызға ену – ертегі әлі сияқты,
 Орнымыздан жарытпадық жылжып тым.

Өмір атты биржасында құрлықтың,
 Ақша жинап,
 Төгіп-шашып, құр біттің...
 Өзгеде емес, өзімізде білсеңіз –
 Көк тыындық құны жоғы тірліктің!

ҚУНӘЛІЛІК ХАҚЫНДА

Тәңір өзі дегендейін кеше алам:
 Мүмкін біліп, мүмкін білмей жасаған –
 Бір қатесі, бір кінәсі болады,
 Құнәсізбін, – дей алмайды еш адам?!

Жамандықты жапса-дағы жақсылар,
 Тазалыққа дақ түсірер тамшы бар.
 Періштедей құнәсіз бұл өмірде,
 Сәбілерден басқалары жоқ шығар?!

Заман осы алдамшылау болғасын,
 Қармалаумен құн кешеміз жар басын.
 Еңсемізді езіп, жаншып жіберді,
 Құнә жүгі – көтере алмас қорғасын.



Сейілмейтін есірткінің тұманы,
Басылмайтын ақша ойынның құмары.
Тіпті ессіз интернетке елігу –
Ауырлатып бара жатыр күнәні.

Жоқ қой қазір қорқып, үркіп, жасқану,
Әдет болды мақтану мен мастану.
Күнәнің гой ең үлкені осындай,
Қоғамға ендең еніп кеткен ластану!

БОҚ ТІРЛІК

Еңбек жасын мүжіп ақыр жоқ қылдық,
Зейнетке бұл демаламыз деп кірдік.
Бірақтағы қыбыр-жыбыры таусылмас,
Бәрібір де бітпей жүрген боқ тірлік?!

Таусылар ма күнделікті күйбең іс,
Ақыры оған таныттық қой үйреніс.
Боқ тірлікке бой ұсындырып барады,
Жан-жүйкені қеузеп алған күйзеліс!

Қақыратып жүрегіңің көбесін,
Қашан өмір суырады шегесін?
Бітпейтүғын боқ тірлікке бүгінгі,
Жарық Құнің сөнбекесін көнесің!

Жанымдағы кім үгап дауыл сұғын,
Тәңірім-ай, білмеймін әмірші кім?
Көкке самғар қанатымнан айырып,
Жұлнынып жатыр неге қауырсыным?!

Түсінбей-ақ қойдым ғой өмір сырын,
Шырылдайды бәріне жаным шыбын.
Жер бауырлап қалам ба бөденедей,
Жұлынгасын ең соңғы қауырсыным...

Түсінбедім мен оны қалай бұрын,
Тумай қалған тірлік-ай талай құлышын?!
Қанша оны шашасынан сипама,
Енді бәйге алмайды қара айғырың...

Табын іздең құр бекер кісінeme,
Білесің ғой бұл белдің күші неде?
Жас байталдың жұп-жұмыр жамбас жагы,
Кірмейді енді ешқашан түсіңде...

Құмылыңдан не пайда құр атылған,
Тегеурінді екпін жоқ шығатын мән.
Сен бір жабы жылқысың осы күні,
Тұсау жібің соңыңдан шұбатылған...

Тасығанмен қаншама көңіл бүгін,
Тым ауырлап барады өмір жүгім.
Желкен керген қиялдың кемесі емес,
Су бетіне шыға алмас шөгіндімін...

Қалды қанша білмеймін татар дәмім,
Жетер жері белгісіз отарбамның...
Көзден үшқан көктемге көндіге алмай,
Тағы бірақ жыр жазбай жата алмадым?!

Қаусаған қатайта алмай қанатымды,
Көлденеңнен көк тұман оратылды.



Жаңым ұлып жатыр ғой білесің бе,
Қара тұнді жамылып, қара тұнді...

Разы емеспін,
Расында өзіме-өзім,
Бір бейопа жай барын сезінемін.
Іі қанбас былжырақ балшықтайын,
Езілмейін десем де,
Езілемін?!

Таға алмаймын,
Тақпаймын тегіме мін,
Іздеп өтіп келемін көңіл емін.
Құрсауынан айырылған қауғадайын,
Сөгілмейін десем де,
Сөгілемін.

Лашын едім,
Алатын бүрігенін,
Кім біліпті топшымның бүгілерін?!

Жаңағана тәй-тәй басқан баладай,
Сүрінбейін десем де,
Сүрінемін?!

Өмір кімді жекпеген,
Қажытпаған,
Әзірге ғой беріне төзіп бағам.
Жолда қирап қалатын көліктейін,
Тозбайын-ақ десем де,
Тозып барам...

МҰҢ БОЛАДЫ АДАМДА

Мұң болады адамда,
Уайым, қайғың –
Тісіңнен тысқа шығып жайылмайтын.
Жапырағы үзілген құздегідей,
Тұнжырап тұратуғын мойылдай тұн...

Мұң болады адамда,
Тұнып тұрган –
Сонда дағы жүректі жылыттырған.
Жақсылықтың жолында жан аяmas,
Жіберердей езінді қылып құрбан?!

Мұң болады үңіліп,
Бой ұрмайтын –
Кеуіп қалған көз жасқа қайырлайтын.
Өзегінді тырмалап өткен күндер,
Қателігін өмірдің мойындайтын.

Мұң болады адамда,
Бұғып жатқан,
Тырмалап,
Шыбын жанды шырылдатқан.
Өшпейтүғын тірлікте,
Аумайтүғын –
Тоқтамайтын дөңгелек зырылдақтан?!

Көзден көрем бәрін де мәлдіреген,
Тірлік жайлыш болсыншы ендігі өлең...
Уайым, қайғы қанша ауыр болса дағы,
Мұңға батып бекер сөз өлді деген?!



Өрекпіген көңілдің бар басары,
Адам сырын мұндас бір жанға ашады.
Мұнмен кеуіп кетпейді шердің көлі,
Мұнмен өмір тағы алға жалғасады!..

Өмір етіп барады,
Гұмыр ағып –
Көңілден бірі өшіп,
Бірі қалып...
Жарық нұрга жанымды жетелеші,
Уысынан уақыттың жұлып алып?!

Көз жүгіртіп, откениң сан-сағына,
Аршып алшы,
Күйдірші болса кінә –
От тіліне жалатшы жан жарамды,
Жанып тұрған жүргім балшамына...

Үміттерім үзіліп елге сенер,
Бұлай ету –
Қолыңнан келмесе егер.
Жағып жібер,
Лаулатып өрте мені,
Құлім қалсын бір шөкім жерге себер?!

Өмір етіп барады,
Гұмыр ағып –
Ғарыштағы кемедей зымырадық...
Не керегі бар дейсің,
Қайран, дүние –
Қайрылмайтын тірлікте тірі қалып?!!

ҚАЙТАР МЕНИ

Қартайғалы кетіп жүр маза мына,
 Бейіл болып өмірдің озарына.
 Бәрі қошкен сағымға ұқсайды ғой,
 Сыртта жүрген ауылдың қазагына.
 Қөзім жетіп көңілдің тозарына,
 Жүдеп жүрсе жүрегім жазалы ма?
 Достарым мен бауырлардан айырылып,
 Түспеу үшін тағдырдың тозағына,
 Жалғыздықтың жанқуса азабына –
 Жырым мені қайтаршы, қайтар мені,
 Думаныма, бұрынғы базарыма?!

Қайтар мені бұла күн балғыныма,
 Шөлім қансын тағы бір таң нұрына?!
 Не жетеді дейсің ғой туған жердің,
 Жағастық шақта аунаған шалғынына?
 Бәрімізде беткеүстар бар құбыла,
 Қөтеретін биікке арды мына.
 Қайтар мені сыр шертер бұла күнге –
 Тіл бітіріп тағы да жан қылымыма,
 Айналатын әдемі ән-жырыма?!

Сағынышты сезімді тербетеді,
 Элі тәтті балғын шақ – бал құмыра!..

Қайтар мені сезімді шырын шаққа,
 Жиырма бестің айтылмас сырын сақта!
 Құлын желі есінен шықпай жүрген,
 Ұқсан кейде кетемін құлыншаққа?!

Қаталдығын тағдырдың ұғынсақ та,
 Ақын жүрек бәрібір ұрыншақ па?
 Өкінішті өткен күн өкшелейді,
 Өмір жолда біз қайда бұрылсақ та,



Талай рет сүрініп, жығылсақ та.
Сонда-дағы енді айналып келмейтін,
Оралғым кеп тұрады шырын шаққа?!

Қырық жасқа қайтаршы қылышылдаған,
Қайтармасаң, бәрібір тынышынды алам?!
Көзден ұшып кететін мәңгілікке,
Жарық дүние түсінбес тылсым маған.
Сағат тілі сияқты тырсылдаған,
Уақыт өтіп, жүректі жыр шырмаған...
Құдіретті жебеушім – Тәңірімнің,
Беті қайтып, сағы ғой бір сынбаған,
Жүргегімнен жыр тегіп жүрсін қалам?!
Жадыратып, жаныма жаз қондырып,
Қырық жасқа қайтаршы қылышылдаған!

Ауылымға қайтаршы алыстағы,
Жетім бесік, жудеген қоныстағы...
Қалай шыдар жігіттің арыстаны,
Құлап жатса қорасы, қамыс тамы?
Жанға батып жігерін жанышқаны,
Қайнаганмен кеудеде намыс қаны.
Құр әурөдегі бірақ та көрінеді-ау,
Жел диірменмен жалғыздың алысқаны,
Ауылымға қайтаршы алыстағы...
...Қалтқыдайын, қайтейін, қалқып барам,
Бұрылмайтын бір асаяу ағыстағы...

С. БІЛ.

Өмір өзі жұмбак қой,
Көп қоятын нүктесін...
Көнілдегі құндақты ой,
Кектен құймақ күтпесін?!
Бермесін ғой Тәңірдің,

Тартып тағы алмайсын.
Кім бар дейсің жаны ыргын,
Өзінді-өзің алдайсың...

Тәубесінен жаңылып,
Жүрген жандар жетерлік.
Әу басынан қағынып,
Қызыл тулар көтердік.

Қызыл қанға боялған,
Тарих кімді кешірсін?
Енді ғана оянған,
Тілге шорқақ кесірсің.

Іші жалын, өзегі от,
Жоспарың көп елге сын.
Отыздықты межелеп,
Маң-маң басқан пендесің?!

Құдай өзі аясын,
Жүрісің еш өнбейді.
Жеген қазы, жаясын,
Ал қазағым өлмейді...

Өмірден кім көспінер татқан дәмді,
Далбайлап жүргенменен жоқтан барды.
Көргенде көңіл бірақ құлазиды,
Бірінен соң бірі өтіп жатқан жанды.

Қағып, сілкіп жатқандай ғасыр қағын,
Алып жатыр арысын, асылдарын.
Байқамай ма білмеймін Құдай өзі,
Жер бетінен көбісін жасырғанын?!



Зейнетакы алуға жараганы,
Әзір тірі, қатарда қалады әлі...
Қанша ғұмыр қалды бұл бізде мына,
Жүрген жанбыз күн кешіп қонағалы?!

Тағдырдың кім біліпті сыйы қандай,
Ақиредтік ақ тілек бұйырап қай?
Тәңірім қоймайтын бұл сияқты ғой,
Қасаған бізді өзіне жиып алмай?!

КӘРІЛІК – КҮЗДІҢ ЖЕЛІ

Кәрілікті кәдімгі екінді де –
Еңкейген Құн сәске нұр секілді ме?
Қимастықпен батады ол көкжиекке,
Өткен күнге өзінді өкіндіре...

Жапырағы үзілген ақ қайынданай,
(Бұл теңеуді және оған тапқанымды-ай?)
Қайың бірақ көктемде көктеиді ертең,
Қорқыныш жоқ кәрілік қақпанынданай?!

Кәрілік – қалтыратқан күздің желі,
Жоғалып артқа қалған іздің көбі...
Қарақұстары аспанда қаптайды ұшып,
Қуып жетіп алардай құзғын демі?!

Жоқ қой адам мәңгілік жаны мықты,
Тірлігіңің тынысы бәрі құтты.
Десе де, Қарттар күні құрмет көрген –
Мойындағың келмейді-ау кәрілікті!

ӨЛДІҚ, БІТТІҚ...

Өлдіқ, біттің, көмілдің, жоғаласың –
Көк тыны да тұрмайды дана басың?!
Омір өшіп, кигесін кебін қөйлек,
Тар қапасқа қуықтай қамаласың...

Тыныш тауып бейіттің лақатынан,
Дейтін емес алданып, жата тұрам...
Мәңгі мекен болатын жерің осы,
Тіршіліктің қол үзіп рақатынан?!

Оралмайсың ешқашан жарық Құнге,
Айналасың мәңгілік Тамұқ тұнге...
Жүрек сирыйн, арманын, үміттерін –
Кетесің ғой өзіңмен алыш бірге?!

Тәмпепе бейіт, маңайы мидай дала,
Өлдіқ, біттің... көнесің мұндайға да.
Сені іздейтін ызыңдал азалы үнмен,
Басыңдағы сынған бір құрай ғана...

ОТКЕННЕН СОН...

Откеннен соң бізден біраз жыл кейін,
Не боларын мен оллағын білмейім.
Қатар тірлік бар ма, жоқ па кім білсін,
Онда анық – жер басып қой жүрмейім,
Бақи жанға оның бәрі түндейін...

Бізден кейін қандай тірлік боларын,
Айту қызын, жоқ қой менің хабарым?!

Лақат жерден құтылмайсың енген соң,



Топырақтың астында анық қаларың,
Жүргегінен шықпайды енді жаралы үн...

Сарқылады, көз жасы ғой құрғайды,
Топыраққа сініп кетер мұң-қайғы.
Тіршілікten қол үзгесін оралмас,
Уақыт қайта кейін қарай бүрмайды,
Тәңір өзі тағдырыңнан үрлайды?!

Қысылғанда жорғалаған құрдайын,
Жан дүниемнің үрейлі үнін тыңдайын.
Шыңырауға шымдай батып кеткенде,
Қорқыныштан қалай құлдық қылмайын?
Қош бол, дейім жерде қалған жыр-қайың!

Ақыретте сөніп соңғы ой-ұшқын,
Қимай оны кереметтей қайыстым.
Өткеннен соң, жаным тастап кеткесін,
Құні бітті арпалыстың, сайыстың,
Қатар тірлік кеңістікке ойыстым...

Орындалмас әмірмен,
Тағдырдың сыйы Тәңірден.
Жалғыз кіндік әкелді,
Ұлым құрган жаңа ірлем...

Бермесе тартып алмайсың,
Толмайын десең толмайсың.
Білмейсің және әмірде,
Тұрғанын тосып қандай сын?

Кеңейте алмай өз бағын,
Өспеген жанда аз ба мұң?

Көтересің, қайтесің –
Тағдырдың басқа жазғанын?!

Болса да жалғыз жалқының,
Көрсетпе Тәңір сарқынын.
Жалғыз кіндік үмітпен,
Болашағыңа тарт ұлым!

Үйреніскең өмір ғой дүйім ғалам,
Құрделеніп, қалай ол қыындаған?
Біреу мені өзгертіп қойғандайын,
Тусініксіз қазіргі күйім маган?!

Беретіні бар дейсің қайырып қай,
Өмір деген ол да жол айырықтай...
Тірелген тірліктің бұл түйіғына,
Жүргегімнің отырмын жайын ұқпай?!

Жан тыныштық табылmas өзі-ақ арман,
Сықырлап келе жатыр қазақ арбам...
Өзімді қоятындай жер таппаймын,
Әйтеуір, бір жайым бар мазаланған.

Сағым жылдар сырғытқан бүркеп кейін,
Жанымның жыртығынан жыр көктеймін...
Қорқатындай енді мен ештеңе жоқ,
Өмірдің тек өзінен үркектеймін!

Жетегінде жүрген әлі,
сыр, мұңың –
Бұл бір дәурен,
Отіп жатқан бұл бір күн...



Қайда кетіп барамын мен,
Білмеймін,
Бір ұшынам ұстап өмір-шылбырың?!

Не бітірдім,
нені осы мен тындырдым,
Бәрін желге ұшырдым ба жыр күннің?
Қирап қалған ауыл ойға түскенде,
Жетім құлышнадай желідегі,
Шыңғырдым!

Бұл бір дәурен,
Ұшқан бастан бұлбұл күн,
Бар ма ақыры,
Бітер кезі құрғырдың?
Жайын қайдан ұқсын жұртым,
Білмейді-ау,
Қайғыменен қажып жүрген
Мұнды ұлдың?!

Мұжілдім де,
Өз-өзімнен қынжылдым,
Мойнымдағы салмағы ауыр шынжырдың.
Ауылынан безіп кеткен итке ұқсан,
Қаладағы қаңғып жүрген тұрғынымын.

Кеткесін ғой жасыңнан ғадет қылып,
Бойыңа сіңіседі әдет-ғұрып.
Төс қағысып немесе қол ұстасып,
Сәлемдесу – қазақы әдептілік.

Әдептілік – үлкенге кішілігің,
Көрсететін құрметің, кісілігің.

Ешқашанда бұзылмас заңым осы,
Білгендіктен сыйластық түсінігін!

Қазақ үшін бір жай бар қыындаған,
Қала маңын қоныс қып, шиырлаған.
Атажүрттан, ауылдан қолын үзіп,
Тұған жерден топырақ бұйырмаған??

Ешкім ашып айтпайды неге өйткенін,
Елге апарып қоймай жұр мәйітерін.
Ауылдағы зираттар жетім қалып,
Барады есіп Бескөлде бейіт қорым...

Бұйыртын деп тілейтін Тәңірінің,
Тұған жер топырагының зары мұным?!
Үзілгені осы шығар ауылдағы,
Тағдырдың тереңдегі тамырының!

Өтіп жатыр жылыстал,
Білінбей күн,
Бірте-бірте әжім сап,
Тілімдейтін...
Жас емеспіз,
Бізде енді құлшыныс жок,
Бұрынғыдай жаныңды жұлышп жейтін?!

Өтіп жатыр жылыстал,
Жылдар ағып,
Есте қалған елестер жұлмаланып?!
Жылы жауып,
Кезінде айтылмаган,
Көкіректе көп сөздер түр қамалып...



Өтіп жатыр жылыштап,
Жырыңғымырим,
Тәңірім-ау,
Мен оның құлдығымын!
Жайдың оғын жұта алмай,
Далы шығып –
Тоты құстай торда отыр,
Шындық үнім?!

Өтіп жатыр жылыштап,
Өмір кезең,
Ағын күнді кім ұғып,
Сезінбекен?
Тағдыр жолына осынау тағзым етем,
Не болса да,
Бізден бұл безінбекен!

МАҒЖАН ЖЫРҒА БОЙЛАДЫМ

Жетер оған өлең жоқ,
Ойларын-ай, ойларын...
Магжан жырға тереңдеп,
Қәусарына бойладым?!

Мәлдіредім, тазардым –
Түүлдым, қайта жааралдым...
Жанымды тербел ғазал мұн,
Тұнығынан нәр алдым.

Кеткенім сондай беріліп,
Тірліктегі шуды үзіп...
Теңіздей жатқан төгіліп,
Толқыннан Толқын туғызып!

Пайғамбарға айналған,
Тындағым жырдың сүлейін.
Қанбасам жұтып қайнардан,
Несіне өмір сүреійін!

Жанымды торға салғандай,
Қамақта бірге қамықтым.
Қазағым осы сормаңдай,
Қадірін білмес алыштың?!

Жастарға оны сендерген,
Тындағым үнін жүректің.
Таусылмаса тағдыр дем,
Басылар ма еді бұл екпін?

Даланың демі бар онда,
Сағыныш лебі еседі.
Бергені шығар таланға,
Тікенін өмір төседі...

Торыққан кезде қамығып,
Жазылған жырлар жылатты.
Татқандай дәмін зорығып,
Аршыдық тұма бұлақты.

Мағжан жырлар – мөлдірім,
Төгіліп түрган қайнарым.
Көремін оның мен бүгін,
Көремет қанат жайғанын.

Отымен лаулагап маздадым,
Таңдайға балы тигесін.
Ұлы Дағаның Мағжаның,
Мүмкін емес сүймесім!?!?



ҚҰЛАҒАН ҚҰЗДАН ҚАРШЫҒА

Жыр іздеген қиялдай,
Таба алар ма жаным жай?
Мағжандайын сүйе алмай,
Мағжандайын сағынбай...

Торда даусы торығып,
Ерте үзілген бұлбұлым.
Жүрмін саған зарығып,
Пайғамбарым – дұлдулім.

Көкшедей көркем көңілмен,
Аяқ басқан Арсыға.
Қош айтысып өмірмен,
Құлаган құздан қаршыға!

Сағыныш селін кең құшып,
Өзінді қайдан іздеймін?
Жапырағы желге үшып,
Жұтап қалған құздеймін...

Көзім жасын тия алмай,
Қүйзелген бұл жанымды-ай?!
Мағжандайын сүйе алмай,
Мағжандайын сағынбай!

ҚАЛАЙ СӨНСІН ЖАРЫҚ КҮН?

Алтын Құнді батырып,
Алтын Құнді өлтіріп...
Тусіне алмай отырып,
Жүрген жанбыз өкініп?!

Сұрадың-ау жыр бабам,
 Құралай көзді қарғашты.
 Өнерін ару құндаған,
 Ақын сенсің алғашқы.

Кестесіне қарадың,
 Саусағына сүйріктей.
 Кең даланың маралын,
 Сүйдірген де бүйрық қой?!

У толтырып жүрекке,
 Өліп кеткің келді ме?
 Жетер едің тілекке,
 Тағдыр қатал көнді ме?

Ақ бәтеске салынған,
 Қызыл қандай жібекпен.
 Қызыл нұрға малынған,
 Батып кетті-ау Құн өткен...

Батқан Құнді кестеден,
 Қөріп бабам торықтың.
 Ал алауы өшпеген,
 Қалай сөнсін жарық Құн?!

Жанға батып сызды өлең,
 Секті көңіл көбесін.
 Қоштасқандай қызбенен,
 «Иманды бол!» дегесің...

Тұнеретін тұнге емес,
 атқан таңға асық ең.
 Қызыарып батар Құнге емес,
 Қырмызы қызға ғашық ең!



«ЕЛІҢЕ ҚАЙТ, ЕЛІҢЕ!»

Мақсаты болса шерлі елді
Шығару өмір өріне,
Қаш қаладан, қарагым,
Еліңе қайт, еліңе!
Магжан Жұмабаев.

Еділді кезген кезінде,
Болған да шығар осылай?
Берілген қапа сезімге,
Қойсын ба ақын шошымай?!

Қыын бір құнді таядың,
Жүргендей қаңғып кіл ауыл.
Қазақты көріп аядың,
Желкесін тескен жұғі ауыр.

Қорегі болған су балық,
Жат көріпсің қайығын.
Орыс «селендей» қуланып,
Қарыны тойған қай ұлың?

Қалада жүрген бейбақты,
Қайыс буып беліне.
Қай ақын қамын ойлапты,
Шақырып туған жеріне?!

Демеймін уақыт шегінді,
Ұқастық-ай не деген?
Кезбей-ақ бүгін Еділді,
Есілден бәрін көрер ең...

Есіл бойынан байқар ең,
алысқа тіпті бармай-ақ.

Басынды бабам шайқар ең,
Ауылда қалған жанды аяп?!

«Селен» дейтін Семен жоқ,
Көшіп кеткен көрші елге.
Ауыл жастары селендең,
Бос жүрер қашан көрсөң де.

Бағлан жейтін қарттары,
Қалаға көшіп барыпты.
Ас қылады жоқ дәмі,
Мұздатылған балықты.

Ауылдың белі бүгілді,
Қайтейін енді жасымай?
Бабам-ау, сенің бүгінгі,
Еліңнің жайы осылай!

ҚҰЛДЕҢ КЕБІН КИПСІН...

Ұшатын отқа көбелек,
Ойлай ма жанып, күйерін?
Терең сыр бар не керек,
Жырынан бабам түйерім.

Ондағы күйіп, өртенген,
Көбелек өзің деп білдім.
Айырған ақын серкемнен,
Жалыны-ау сонау от күннің?!

Өзгені қорғап, көмектеп,
Ал, өзің отқа күйіпсің.



Елің үшін өбектеп,
Құлден кебін киіпсің.

Отқа түскен өмірге,
Қалай тұрам қамықпай?
Жоғалмасың тегін де –
Құл бол үшқан табыттай...

АНАНЫ САҒЫНУ

Өмір бала кезімді,
Алыстатып баrasың...
Әлі күнге өзінді,
Сағынамын анашым?!

Қазір өсіп, жетілдік,
Откен құндер елес құр.
Бала кеңгі жетімдік,
Ал ұмытылар емес бұл.

Бізге ғұмыр тіледің,
Соны ұтына тұстім бе?
Болатұғын, білемін –
Жаңың менің ұстімде.

Қалай сүймес, сағынбас,
Қадірің тіпті артады.
Қос қарлығаш – қарындастан,
Соңыма ерген бар тағы.

Ойлар болсақ бүтінде,
Саған ғой оңай болмаған?!
Женіл емес жұғін де,
Қотеруден талмаған.

Анашым-ай, жігерлім
Отын кесіп, шөп шапқан.
Жұмысын жасап бір ердің,
Ерте тұрып, кеш жатқан?!

Айтарымыз көп біздің,
Жыр төгіп жүрек, сел қылғай...
Бізді өсіріп, жеткіздің,
Өзгелерден кем қылмай!

Тапсын анам жаңың җай,
Бағындағы гүліңбіз.
Қалай сені сағынбай,
Жүре аламыз бүгін біз?!

ЖИЕН АҒАМА
(Болат Ергалиұлына)

Екі жастай үлкендігің бар аға,
Қалай мені нағашыңа санама?!
Бірге туған бауырымдай көремін,
Сыйластықпен сіңіп қалған санада.

Екеуіміз де ұлдан жалғыз туыппыз,
Соңымызда бар той ерген қуып қызы.
Аталарымыздың арасы алыс болса да,
Білінбейтін бір нәрседен жуықпыз?!

Біздің жаққа бұрып тұрған кескінің,
Құпия емес жасыратын еш бүгін.
Менен ғөрі әкеме осы шындығы,
Өзіңіз көп үқсайды деп естідім.



Менің әкем, сенің анаң бауырлас,
Бауырластың жаны қалай ауырмас?
Сені маған жақындарып тұрады,
Осынау бір сезім оты арылмас.

Құдай білсін кімнің кімге тартқанын,
Мен сияқты сенің де, аға, мәрт жаның?!
Екеуіміз де бірдей сүйреп келеміз,
Тағдырдың бұл мойынымызға артқанын.

Бірдей берген бір қыз және бір үлдан,
Өмір жолы қалай үқсас құрылған?
Айырмасы – сенің дәрігер болғаның,
Маған нәсіп бүйірыпты жырымнан.

Қазір мүмкін емес шығар жақалық,
Екеуміз де қызыға үйлендік қалалық.
Бүгінде ауыл жаппай көшіп жатқанда,
Жеңгемізбен елде отырсыз қамалып?!

Айырмамыз осы ғана аздаған,
Деп қоясыз: «Әне, міне қозғалам...»
Қыста осылай көңіл ауса қалаға,
Сізді әзірге жібермей жүр жаз даңаң...

Жерін сүйген жездемізге үқсаган,
Бұл мінезің енді есіме түсті ағам?!
Қайда жүрсөң де аман болшы, жиенім,
Үлгі тұтып, саған бағыт үстанам!

Өз алдыңа үй болып,
Кеттің балам үйреніп.
Әке-шешең мәңгі емес,
Тоздық біздер, күйредік...

Жоқ нәрсеге сүрініп,
Зорға жүрміз ілініп.
Жаныңда жоғы баланың,
Қалады кейде білініп?!

Ерлі-зайып болғасын,
Жан демеуі – жолдасын.
Сыртта жүрген сендерді,
Тәңірі өзі қолдасын!

Киеріміз – кебенек,
Дүние боқ не керек?
Аман болып ержетсін,
Сендерге ерген көбелек.

Бұдан басқа қалмаған,
Тілеріміз Алладан.
Ізімізді жоғалтпас,
Сендер барсын жалғаған!

Бала кезден сезінген,
Жалғыздықтан ауыр жоқ.
Бірге тұған өзіммен,
Еркек кіндік бауыр жоқ.

Жүрмін жалғыз құн кешіп,
Жалғыздығым – қыным.



Көтеруге бірлесіп,
Тоспайды ешкім иғын.

Аға, ініге теңдейтін,
Тұмағасын тел бөбек.
Мені жауға бермейтін,
Пана болар пенде жоқ.

Жаным менің жабығып,
Тұрады ылғи құыс боп...
Еркектерше сағынып,
Төс қағысар туыс жоқ?!

Тәңір берген бағыма,
Ұлым бар гой айтар-ақ.
Жалғыздықты тағы да,
Жүрген мендей қайталап...

АСЫЛ ЖАРЫМА

Сездірмейтін, болса менің кемісім,
Тілейтұғын басар жолым тегісін.
Жағдайымды айтқызбай-ақ ұратын,
Сенен артық кім бар дейсің мен үшін?!

Менің үшін жан жоқ сенен асатын,
кешіккенде көзі төрт боп тосатын.
Айналайын, асыл жарым, аяулым –
Жүргегінен нұрлы шуақ шашатын.

Жаның мөлдір, жібек өрген тұтысын,
Шаңырақтың ырысы мен құтысын.
Маған деген махаббатың шығар ғой,
Өмірдегі ең үлкен бір ұтысым!

Көңілінде титтей де жоқ кіршігің,
 Мәлдіреген адал жансың – бұл шыным.
 Аナン марқұм обектейтін бұрынғы,
 Қамқорлықты сенен тауып тыншыдым?!

Екеуімізге қатар жетіп кәрілік,
 Жетпіс белден отырмыз ғой табылып.
 Тек өзінді тыңдай бергім келеді,
 Сенен ғана қөрген емен жалығып.

Немеремен жайып өмір өрісін,
 Бақыттың біз таттық тәтті жемісін.
 Тағдырымыз мәңгі бірге өрілген,
 Сенен артық кім бар дейсің мен үшін!

АҚЫН АҒАМА (Мұтәллап Қанғожинге)

Ел сыйлаған,
 Жыр жүректі сүйікті ұл,
 Төбеніз ғой көкке бүгін тиіп тұр.
 Қызылжарың,
 Қалың жұртың өзіңе –
 Төрін беріп,
 Сізге басын иіп тұр?!

Лауладыңыз –
 Жастық шақта оттайын,
 Одан өзге,
 Сізге теңеу таппайым.
 Сезім тербел,
 Шабыт берді шалқытып,
 Жырыңызға арқау болған ақ қайың?!



Ақ қайыңның алға тартып аралын,
Құйылған жыр тоқтаған жоқ,
Әлі ағын...
Бір өзі де жетеді ғой білсеңіз,
Сырбай менен Ғафу берген бағанын!

Өлең Сізге өріс болды,
өсірді –
Ақын деген беріп атақ, есімді.
Уақыт өзі өрге бастап барады,
Қаламыңнан туған кітап көшінді?!

Өмірдегі тапқан барлық мұратың,
Тәніріне бүгін тәубе қылатын.
Қызылжарда бас ақынсыз өзіңіз,
Ұлы Магжан көшесінде тұратын!

САЙЛАУ МЕН САЙЛАНУ ЖАЙЫНДА

Бәрімізге керек бір жай ойлану:
Мәселесі – Президенттік сайлану.
Қолына билік тигендерге бұл өзі,
Болғандайын мәңгілікке байлану.

Бәрінен де айрыларға тақ қыын,
Шегін қойып, салынатын жоқ тыйым.
Ондайларға Сырдың суы сирақтан,
Демократиялық құндылықтар көк тиын!

ҚАБЫСПАЙ ТҮР ӨМІРМЕН

Неше жерден құнды бол,
Шықпадың ғой көңілден.
Қағаздағы Нұрлы жол,
Қабыспайсың өмірмен.

Тайға таңба басқандай,
Көрсетсең де қадамын.
Жаңалық жоқ ешқандай,
Қайта басқан балағын!

Қандай қайран қылайык,
Тыптыратып қойғасын?
Одан қалай шығайық,
Таба алмадық айласын.

Әуе қапсаң сол қыын,
Құлашыңмен қармаған.
Он қадамда он тиын,
Құн ғой бүгін қалмаған?!

Барар жерің баяғы,
Басар тау да бұрынғы.
Болмаған соң баяны,
Бәрі кейін бұрылды...

Қуандырмай ертеңі,
Жұрген жанға қалжырап.
Нұрлы жолдай ертегі,
Айту өзі сандырақ.

ІЗБАСАР

Жан емеспіз десек-дағы біз де осал,
Шыны керек, шамамыз жоқ жұз жасар.
Көңілге тоқ көретінім немерем –
Артыма ерген өзің барсың ізбасар!

Сенің әкең – ұлым бізге жалғауыш,
Екеуіде де мен ғой жүрген қорғауыш.
Табандарыңа шөгір енген болса егер,
Ауырсынып, шығарамын жан дауыс.

Менен – ұлға, одан саған берілген,
Үзілмесін деп тілеймін өмір дем...
Атаң саған бар үмітін артады,
Ізбасарым өзің деген сеніммен!

Өзің үшін жайып салар жүрегін,
Атын жалғап, ақта атаниң тілегін.
Ошағымда өшірмесең отымды,
Ізім басты деп қой сені білемін!

ШЕГІНУТЕ БОЛМАЙДЫ

Алға адымдап, кейін кету өзі күш,
Оның аты – өмірдегі шегініс.
Аттап еніп, тағы артына қарайлау,
Бүгін бізге болды таныс көрініс.

Сүрінсең де керек осы құламау,
Мықтылық қой, жылар жерде жыламау?!
От тұтатып, жағып алған жақсы ғой,
Көкіректе сөнбей қалса бір алау...

Орындалса арман ойың, маздағың –
Онда сенің алға басып озғаның.
Ал, тыпырлап бір орында қалғанмен,
Шегініс бұл жоғалтпайды өз мәнін.

Баспағасын қол созымға үмтылып,
Алғысы кеп тұрап тағдыр ықтырып.
Кейін кетер шегініске жол бермей,
Алға басып құлау да осы мықтылық!

Жабысқақшыл жаман ойлар желімдеу,
Келетінін болмас және тегін деу?
Басқан ізді қайта баспас үшін де,
Керек екен, керек мұлде шегінбеу!!

ТЕРІСКЕЙЛІК ДЕГЕНГЕ КЕЛІСПЕЙМІН

Ұлы десе мені осы теріскейдің,
Жаным тірі тұрғанда келіспеймін.
Сібірлік де, Солтүстік өңірден де,
Өзге сөзге көнбеймін, беріспеймін?!

Жақпайтын сөз жаныма теріс деген,
Терістікті өзіме кеміс көрем.
Теріс басқым келмейді бұл өмірде,
Көзге түскім келеді оң іспенен.

Шымбайыма бататын мәні жаман,
Осы сөзден әзірге жаным аман.
Тіршілікте қайтемін теріс жүріп,
Оң жағынан өмірдің таныла алам!



Мұндай атау бізге бұл қеліспейді,
Білмеймін, кім тауып жүр теріскейді?
Ақ қайыңдар өлкесін, дән ордасын,
Ең алдымен жайқалған егіс дейді.

Астарында қомсыну, зілі бардай,
Тақ-түқ етіп айтылар түрі қандай?
Теріскейді санамыздан өшіріп,
Түп орнымен болмайды жұлып алмай?!

Дүниенің оцы мен терісі бар,
Жер шарының тартылыс өрісі бар.
Оған қарап бөліну – тұрпайылық,
Достық дұрыс болады қол ұсынар!

АЯҚДОПТАН ЖОҚ ҮМІТ

Аяқдопқа келгенде,
Әлі нашар, шаламыз.
Болып ылғи шерменде,
көш соңында қаламыз.

Жұрмасатын тізгінге,
Кім бар бізде қаймықпай?
Мундиалға біз мұлде
Қатыса алмай қойдық қой.

Бокстағы сияқты,
Бізде жігіт жоқ деме.
Болдық әбден ұятты,
Алмағасын доп тебе?!

Олжамыз мол құрестен,
Зілтемірден үздікпіз.
Аяқдоптан тіресекен,
Неге үміт үздік біз?

Жұғіру мен секіру,
Ол да оңынан келіп жүр.
Доп тебе алмай өкіну,
Не абырай беріп жүр?

Қайрат және Астана,
Қараларды қаптатқан.
Үміт артып басқаға,
Шыға алмай жүр батпактан...

Айтып, айтпай не керек,
Аяқдоптан жоқ үміт.
Біздің жаққа төпелеп,
Жатыр доптар соғылып??

БҰРЫНҒЫ ОРАҚТАЙ ЕМЕС

Қырдағы бар тірлікке қарап бағам:
Қазір ешкім бермей ме ораққа мән?
Бұрынғыдай жұмыс жоқ жалақтаған,
Тасылмайды керуен қорапта дән,
Шырқалмайды шат көңіл танаптағы ән.

Егіс және дәл орақ кезіндейгі,
Бұрынғыдай қауырт шақ сезілмейді.
Диқан қауым бұл кеңде көз ілмейді, –
дайтін де емес, оларға қазір мейлі,
Жауын-шашын астында езілмейді?!



Байқалмайды жұртының тырбанғаны,
көшіп кеткен сияқты қырдан бәрі.
Кең даланың бүйірмай тұнған дәні,
Ырысынан, сірә, бұл құр қалғаны,
Бос қалып тұр ауылдың қырмандары.

Сепкенін де, естімей жиганын да,
Көрдік кейін есеп пен үйғарымда.
Сыймас астық қоймаға сыйғанында,
Қандай сыр бар миллион құйғанында,
Қонбай қойды-ау осылар ми қалыңға?!

ӨЗІМДІ ОДЕССАЛЫҚТАЙ СЕЗІНЕМ

Қара теңізі арбап алған көзімен,
Одессалықтай әлі өзімді сезінем.
Пушкин басқан Дерибасов көшесін,
Мен де талай әрлі-берлі кезіп ем...

Үш ғасырлық тарихы бар заты үшін,
Талай басқам Потемкиннің сатысын.
Оқ шары бар ескерткіштен байқадым.
Оның түрік шайқасына қатысын.

Қала салған ұлу тастан шөгінді,
Жер астында үңгірі мол көп інді.
Одессаның катакомбалары маған да,
Сыр ашпайтын жұмбақ болып көрінді.

Айлағынан қоныс тапқан кіл кеме,
Жарқыраған күндіз түгіл тұнде де.
Одессада теңізшілер тірлігі,
Толқын тулап жатқасын да іргеде.

Көшесінде сөзден гөрі саз басым,
Мұнда туган жандар неге озбасын?
Бұл қаланы джаз отаны дейді жүрт,
Қалжың орда деп білемін өз басым.

Таусылмайтын әзілі мен ойыны,
Думан шуға толып тұрған қойыны.
Көп қой мұнда күйдіретін жүректі,
Мөлдіреген нәркес көздер мойылы?!

Сейлейтұғын ондаған ұлт тілінде,
Араб, парсы, түрік те бар түбінде.
Жүргімде жылы сезім қалдырған,
Одессаны ұмытпаймын бүгінде!

ДОЛАЙНОР

Аумағы үлкен алатұғын талай жер,
Қоныс тапқан қорығына санайды ел.
Үш мемлекет шекарасында түйіскен,
Қамысты көл – жыңғыл жаға Долайнор!

Ресейден де, Қытайдан да тым алыс,
Құйып жатқан өзені жоқ бір ағыс.
Қөлдің дені, шалқып жатқан шалқары,
Моңғолдарға тиесілі мұра күш?!

Ононнан да, Амурдан да бүрмалау,
Мұнда бір кез хан шатыры тұрған-ау?
Білмейміз біз, біле алмаймыз бірақта –
Қалай осы жасалғанын бұл қалау?!



Тұмажұнді айдарынан жел ескен,
Сөз бар екен көл жанында деп өскен.
Алғаш оның түмен бастар жорығы,
Басталыпты осындағы кеңестен.

Ат тұяғы шыырлаған маңайын,
Жау бол тиген алған қытай сазайын.
Долайнорды, сұы шалқар ну жерді,
Ұлы ханның ордасына балайым!

Бұрып алар дәрмен таппай қай жақ бір,
Бүгіндері жабық жатқан аймақ бұл.
Шекаралары түйісken жер – тыныштық,
Долайнордың табиғаты жайнап тұр.

Қырат-белдер бөліп берген еңісін,
Ақпа сулары толтырады кемісін.
Құдай Ханның қарғысынан сақтасын,
Көзге ілінбей жатқан осы жері үшін?!!

ОБЫР ТАЖАЛ

Нағыз тажал бұл өзі обып жеген,
Қандай жаман аты да обыр деген?!

Дауасы жоқ, емі жоқ, айықтырмас,
Қоштастырмай қоймайтын өмірменен.

Үміт жібі үзілген малданатын,
Ажал деген осы ғой жанға жақын.
Пенде мұшқіл мұсәпір қүй кешеді,
Қабілетінен айырылып қорғанатын.

Қайраны жоқ қолынан келетүгүн,
Дәрмені жоқ кеселді жеңетүгүн.
Қыын екен өмірді қимаған сәт,
Біле тұра жарықтың сөнетінін?!

Тәңірге жалынғанмен жаны қалмай,
Құресерге бәрібір далы болмай,
Аямайтын аяусыз тажал осы,
Қоймайды ғой, қоймайды обыр алмай!

ЖҰМАЛЫҚ

Отбасымен құп алып,
Арнап Құран шығарып.
Өлгеннен соң берілер,
Құрмет асы – жұмалық.

Жұмалығын қәдімгі,
Жайып дұға дәмінді.
Еске алу ғой, шіркін-ая,
Қимайтүгүн жанынды.

Шырқы кетсе жайлы құн,
Жеңіл болсын қай мұңың?!

Үйрену бұл алдымен,
Азасына қайтының.

Тәңірге мойын ұсыну,
Өмірді қайта түсіну.
Көңілінді жұбатып,
Сабасына түсіру.



Өз-өзінен сұранып,
Тұратын жай бұл анық.
Апта сайын берілер,
Құран асы – жұмалық!

ӘЛБИДАҚ

Оразаның ішінде,
Қалай оны жазбайын?
Тек сауабы үшін де,
Жүректен сыр қозғайым...

Қатым құран десе де,
Ән сүре ғой әлбидак?!
Жұмбағын ол шеше ме,
Жүре ме әлі жан қинап?

Сүңқылдатып салатын,
Әншісі оның табылса.
Қүйдіргенше қанатын,
Лаулай берер жалынша?!

Әлбидакқа ән жүрек,
Езіліп қой тұрады.
Бүгіннен де мәндірек,
Ертеңгінің сұрағы...

Әлбидакта тыныс кең,
Откені бар, бүгіні...
Алтынмен де, құміспен,
Үптемейді тіріні?!

Ол өзі ғой әділдік,
Естігенде ер тұлар.
Қателігін мәлім қып,
Тәубесіне келтірер.

Көңілімнің бұл да емі,
Беретұғын әл жинап.
Қатым құран құндері,
Тыңдайтыным – әлбидак!

ТОЙЫМСЫЗ ЫНДЫН

Кебежедей қарын үрген құр құбі,
Ашқарақтар таңсық емес бұл құні?!
Не жесе де жұмырына жұқ болмас,
Тойымсыз ғой ондайлардың ындыны.

Жемсауынан жел шығарып кекіріп,
Тойдым, – деуі және олардың өтірік.
Өлгенінше тоя жейді бұл ындын,
Кеңірдектен ықылықтап отырып...

Жұтқыншақта жұтылғаннан басқа да,
ашқарақтық жайында сөз масқара.
Сүліктей сорып, бәрін жұта бермекші,
Кебежедей қарындылар тасқара?!

Зая болар судай сіңіп құр құмға,
Тістегені кетті дей бер құрдымға.
Араны ашылып, жалмап жатқан барлығын,
Зауал бар ма, дауа бар ма ындынға?!!

Толып кеткен жағалай жуан қарын,
Тәбеті зор дәл мұндай туар ма қун?
Құбідейін құмпиіп кеткен бәрі –
Арығаның көрмейсің, суалғанын...

Семіздігін байқатып іркілдеген,
Құдықтайын тоймайтын құлқынменен.
Тұрмыс төмен дегенге кім сенеді,
Семіріп барады онда жұртым неден??

Бордақылап қойғандай біреулерін,
Таба алмайсың өмірде жүдеу жерін.
Мешкейлерге өздерін орга итерер,
Көре тұра денсаулық тілеу де мін?!

Араны мұлде осылай ашылғасын,
Көзіңе қалай оттай басылмасын?!
Толып кеткен жағалай жуын қарын,
Өйткені сен ашқарақ ғасырдасың!

ШІРІГЕН ЖҰМЫРТҚА

Итің өлген қызғаныш ішіндегі,
Адамдықтан айырап түсін мені.
Пұшпағына өмірдің жеткізбейді,
Жұтылғаны көмейден, ішілгені...

Білемін ғой мен сениң талғамыңды,
жақсы көрер бергеннен алғаныңды.
Дос-жараның бұрынғы безіп кетіп,
Тістеп бірде қаларсың бармағыңды.

Кеулең кеткен жаныңды не жын кебі,
Ұнамайды ғайбатшыл сөзің кебі.
Қол кетеріп, балағат тілің тиген,
Жарың байғұс қандай бұл төзімді еді?

Бойындағы ең үлкен басты мінің –
Жоқ біреуге жасаған жақсылығың.
Жұрт жиылған жерлердің шырқын бұзып,
Көзге түсіп тұрады жат қылығың?!

Ат тұяққа жараспас сынық тага,
Жүрмейсің бе, ішіңден тынып қана?
Қалды саған көңілім, шынымды айтсам –
Санаймын шіріген бір жұмыртқаға!

БІР ІНІШЕККЕ

Тырнақасты іздейсің кінәратты,
Былғап біттің туысты, жұрагатты.
Ар-ұяттан бездіріп, құныңды алған,
Қояр күнің бар ма осы бұл арақты?

Жақсылықтан бөтен жоқ өзге ойымда,
Ашымаса, жаным, сөз қозғайым ба?
Жер қаратып жүргенің бір емес қой,
Сені көріп мен өзім тозбайым ба?!

Кім ішпеген арақ бұл дегенменен,
Мұскіндер аз өзіңдей тәмендеген.
Көрінгенге көз сүзіп, қолын жайған,
Қайыршыны мен енді сенен көрем?!



Неге бұлай өзінді құл қыласың,
Кімге керек бұрынғы құнды басың?
Ата-анаңың үмітін ақтамадың,
Деп тілеп пе сені олар құлдырасын??

Тудырасың, қайтемін, көңілде үрей,
Шөгіп бара жатырсың шөгіндідей.
Сыналатып өзіңе ой тастадым,
Санаңа жетер болса сенің дүлей?!

ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС

Жердің түбі қыныңды,
Жақындағып қойған іс –
Қалтандағы ұялы,
Телефонды байланыс.

Бүгін заман өзгерді,
Сөзсіз оны қолдайсың.
Хатқа жазар сөздерді,
СМС-пен жолдайсың.

Қызметі көп керемет,
Болды нағыз серігің.
Бұл телефон не керек,
Ақтады жұрт сенімін.

Ермек қып, біздер алданған
Ойыншықтай болса да...
Интернетпен жалғанған,
Ақпарат бар қаншама?!

Одан бәрін табасың,
Орындалып қалауың.
Жаңалықта қанаңың,
Алып сұрақ жауабын.

Жұлдыздарын өнердің,
Көргің келсе – көресің.
Тарихына көне елдің,
Қиналмай-ақ енесің...

Іші сурет көрмесі,
Таусылмайтын сазы бар.
Қажет болар жерде осы,
Бейнебаян жазылар.

Болады бір өзге кез,
Кездеспеген дос көптен.
Жүздескендей көзбе-көз,
Сөйлесесің Ватсаппен!

Шексіз адам қиялы,
Көпті біз ғой білгеміз.
Телефонсыз ұялы,
Бірақ қалай жүргеміз?!

ТӨРДЕГІ ОРЫН

Төрге шығу,
Төрге отыру бәрі де,
Қазақы салт түбі жатқан әріде.
Төр қадірін білдірмесек,
Білмесек –



Қонақ күтіп,
Жұрт сыйлаудың сәні не?

Төрге өтудің,
Төрге өрлеудің мәні бұл,
Жетемізге жетпей отыр бәрібір.
Кеженеміз кейін тартып тұргасын,
Төрге озбай,
Тізе бұту әлі жүр...

Төрге барып,
Көрсеткенің тәбенді,
Білдірмейді жасың ұлken дегенді.
Жолдасудан,
Жөн сұраудан танисың,
Төрге лайық кемел ойды,
Теренді?!

Берілер ме, төрден орын бекерге,
Жолдан өту керек оған жетерге.
Үәжін біліп,
Мәзін туып сөз айтса,
Төр иесі –
Осы кісі екен де!
Кездесетін тәттісі де,
Кермені,
Бәрі де осы Тәңірінің бергені.
Сабақтасып жатады өмір өзегі,
Ең құрметті орынменен төрдегі?!

СОҒЫМ ЕТИ

Өзің татып, өзгеге де татыру,
Тұысқандық жібін үзбей отыру.
Көрінеді бүгін анық біздегі,
Дәстүрінен соғым етке шақыру?!

Жоқ қой оның алыс-беріс есебі,
Жастар бізден үлгі көріп өседі.
Соғым етін тығып жеген жандардың,
Ошагынан ырыс қашар деседі.

Табақта астың болмауы үшін кемдігі,
Салынады түгел мүше белгілі.
Соғым еттен шын ниетпен ұсынған,
Байқалады жан-жүректің кеңдігі?!

Құрметіне көрсетуге сай асын,
Жайып салған қазы, қарта, жаясын.
Соғым етін берген сондай жандардың,
Ең алдымен көңіліне тоясың!

СҮРДІҢ ДӘМІ

Көк тұтінге кептіріп, ілмегенде –
Тұздалған ет сияқты-ау білмегенге?!

Шошала мен шоланда ысталатын,
Не жетеді десеңші сүр дегенге!

Қақталар қалған еттен соғымдағы,
Сүрдің дәмі бөлек қой бабындағы.
Тұтін сіңген иісін-ай тәбет ашар,
Сары майдың дәміндей қарындағы...



Сүрдің кезі дәл қазір мінекейін,
Кімнің болсын шұбыртар сілеkeйін?
Қазағымның осынау асыл дәмін,
Татамын ғой, тағы да жыр етейін.

КУПІГЕ КИІМ ЖЕТЕ МЕ?

Жылы киім ішіндегі мықтысы,
Сырма шүлен, қысқа жаға, шыт тысы.
Іліп алып, шыға салар сұыққа,
Есімде ғой ата-әжемнің күпісі.

Хабарым бар ол жайында молынан,
Күпі киіп жүрген кезді сағынам.
Қандай жылы еді-ау, шіркін, қазіргі –
Түріктедің бит қабықтай тонынан.

Үлпілдеген құс жұнінен жоқ кемі,
Қой шүлені қашан бізде жетпеді?
Бой жылытар киіміміздің байырғы,
Дұрыс па осы көзден ұшып кеткені?

Түйме тағу болмаған ғой шарт оған,
Қынай байлап буылғасын ортадан.
Есімізде тәтті іздейтін кезіміз,
Қаусырмалы терең ішкі қалтадан?!?

Құны кетіп, болмады ма тұтымы,
Замананың жан азытып күпірі.
Тұла бойым тоңазиды қалтырап,
Қазақ көрмей жүргесін де күпілі...

ҚУЛЕН ҚОРА

Жыртылып жатқан кезде түрен дала,
Ауылдағы біз тұстас кілең бала.
Құмартып тұратұғын баруға ылғи,
Есімде Қаратоқадағы құлен қора.

Ағаштан ұшын тіреп салынатын,
Сыртынан шөп-сабанмен жабылатын.
Ұп-ұзын, іші жылы ұядайын,
Құлен қораны қезім бар сағынатын...

Қалайша еске түсіп, ойға оралды,
(Қатадан айтпаймын ғой қой корамды).
Неге «Құлен» білмеймін аталғанын,
Шын мәнінде ол өзі қойма болды!

Даланың егісқосы басындағы,
Құлені қонысжайы расындағы.
Ауылдың баласына қызықтайтын,
Ондағының болды ғой тосын бәрі.

Керемет іші кең боп көрінетін,
Ат енген арбасымен жегілетін.
Тұқым орын, астық орын дегендей,
Тәртіптеліп теп-тегіс бөлінетін.

Уақыт таппай үйқыға берілетін,
Ауылға баруға да ерінетін.
Шөп төсөлген күлениң бір шетінде,
Шаршаган егіншілер көз ілетін...

Жаны сірі болған ғой сондағы адам,
Мандай тері бүршақтап сорғалаған?!



Неге екенін білмеймін қазан аспай,
Ас келеді ауылдан дорбалаган!

Місе тұтып айранын, шалаптарын,
Қанагаттан тоятын қонақ қарын.
Ауыр жылдары ауылдың бірлігі үшін,
Құлен қора тұрғызған Жаратқаным!

Десек те, өмір жаңа, тілем жаңа,
Откеннен сабак осы бірер гана.
Ауылынан айырылған бейбақ жанмын,
Қаратқадағы жоқ бүгін күлен қора...

ШОШАЛА

Киіз үйдегі көрінетін шошалам,
Сені ойласам әлі қөзге жас алам.
Елендеймін, қымыз толы кесемен –
Анам шыға келер ме деп Жасаған?

Қазықталып, талдан тоқып өрілген,
Құт орынға айналмасың тегіннен?
Киіз үйден кем түсетін жерің жоқ,
Шаңырақтан көк аспаны көрінген.

Керте тәбе, үсті шөппен жабылған,
Ортасында қазан-ошақ жағылған.
Қонақ орын, ас орын деп бөлмейтін,
Шошаладан бар керегің табылған.

Келіп қалса, қонақ жатып көсілген,
Киіз үйден көрсін оның несін кем?
Ашамайлы арыс бауын тартқызып,
Құндақ қысқан, талай кіндік кесілген!

Былайынша нағыз қызық ордасы,
Одан артық айтар орын бар ма осы?!
Сорғытылып тұрушы еді-ау қайнаған,
Құрт, ірімшік, бұзаушықтың дорбасы.

Тоқазытқыштың көре жүре қандайын,
Іші салқын жер ұрасын таңдайым.
Шошаланың шұңқырында сақталған,
Қымызының дәмі шіркін балдайын!

Бар кәсіптің көзін ашып үйдегі,
Күні-түні бітпейтін бір күйбені.
Шошаланың ішінде ескен баланың,
Көкірегінде көп қой көріп түйгени.

Оған қазір көңіл қалай алданбақ,
Байқалатын түрі де жоқ жалғанбақ.
Шошаланы іздесең де таппайсың,
Ол түглі ауыл өзі қалған жоқ!?

БАҚЫР АҚШАНЫҢ ҚҰНЫ ЖОҚ

Айтарым осы елге мін,
Кім көрген дейсің мұндайды?
Құнсызданған теңгенің,
Бақыры түкке түрмайды.

Есепке емес еш қыын,
Көрмейін қайтіп теңдемей?!
Біздің қездегі бес тыын,
Қазіргі без жұз теңгедей...



Атаң мен әжең беретін,
Бес тының қандай құнды еді?
Киноға барып енетін,
Қаражатың ол күндегі.

Бес тының қалтаңнан,
Тұсіріп онда алмайсың.
Жаңылмайтын талтаңнан,
Ақшалы бір жандайсың!

Бақыр тыныдар шашылып,
Жатқанын бұрын кім көрген?
Мерейін оның асырып,
Әлі де айта жүрген жән.

Бүгінде бақыр көтеріп,
Жатқандарды көрмейсің.
Бойкүйездікке ет өліп,
Кетті гой, оны жеңбейсің?!

Отырдық сөйтіп тақырға,
Теңгеміз болсын төл мейлі.
Бір уыстай бақырға,
Бір бөлке наң келмейді...

МҰНАЙ БАҒАСЫ

Меже болар берерімге, алымға,
Мұнай бағасы жетпіс доллар маңында.
Ол үнемі бақылауға қойылған,
ОПЕК-ке бұл мүше елдері жағында.

Үдей ағып тұратүғын ұдайым,
Таяу Шығыстың тәжеу қын мұнайын.
Оның қасында біз өндірген түк емес,
Бұза алмайды құн нарығы шырайын!

Бұл жағынан мықты Ресей теріскей,
Солтүстігі көршіміздің кениш қой.
Мұнай өндіру мәселесі бойынша,
Голландықтар да қоймас, сірә, беріспей?!

Иран елтеп тығыр көріп, кешікті –
Пайдалана алмай өзіндегі несіпті.
Американың айтқанымен жүрмей-ақ,
Осы жайды бүгінде олар шешіпті.

Тас құдайлар жіберді ме қарғап тым,
Құні құрсын Шам елінің, Бағдаттың?!
Мұнайымен молшылықта малынған,
Тәңір неге енді оларды сорлаттың?

Жаратқаным жөнге салып бәрін құт,
Гүлденіп тұр Біріккен Арап Әмірлік.
Арандатып жүрген бірақ көршісін,
Құлығы бар оның бірлі-жарымдық.

Мұнай елдері жағдайы ғой осындай,
Кенеттен бір кезікпесе тосын жай?!



АҚШ кейде шырқын бұзып кетеді,
Сланстік газыменен жасырмай.

Бірталай жыл бір шамада тұрагы,
Мұнай бағасы ептеп өсіп, сынады...
ОПЕК оған секіріске жол бермей,
Қашанғы бұл қорғаныста тұрады?!!

ҚҰЛКІ ҚҮНІ

Қалмайды естен бұрынғы,
Қызығына тоймайтын.
Құлкі күні бүгінгі,
Алдамай бір қоймайтын?!

Ойын ғой ол өзгеше,
Әлі бізде сақталған.
Алданғандар сезбесе –
Құлкіміз сол ақталған!

Оқиғаның құлкілі,
Бірталайы болды анық.
Бәріміз де бұл күні,
Жүрдік ылғи алданып?!

Сайтан ойлар жетелеп,
Сақтансақ та қапы қап.
Өтіріктер өте көп,
Қылған бізді ақымак!

Құлкі күні сондай күн,
сендіретін жалғаны.

... Алданатын, алдайтын –
достар бірақ қалмады...

ҮЙСІЗ-КҮЙСІЗ МУСКІНДЕР

Үй-күйі жок,
Тұрағы да белгісіз,
Күн көретіндер барына адам сенгісіз?!
Жаны олардың сірі екен деп ойлайсын,
Паналаган құбыр астын,
Жерді сыз.

Кейде қыста тауып жылу құдырын,
Паналамасаң –
Қатып өлдін,
Құрыдың.
Темір қақпақ астындағы қуыста,
Қайсыбірі алады көз шырымын.

Үйлердегі кірер дәліз кілттенді,
Бөгде жанды жолатпайды жүрт та енді.
Бұрынғыдай мұсіркейтін ешкім жок,
Жаратапайды,
Жек көреді,
Сырт берді...

Жеркенеді,
Жек көреді «БОМЖ»-деп,
Ұсқынында адам санар негіз жок.
Қоқыс орындарын жатқандары қопарып,
Шыныменен кеткендей ғой доңыз бол?!



Мұскіндердің таусылғаны,
Тозғаны,
Осы шығар,
Жеркенішті қозғады.
Қарап тұрып,
Қара жерге енесің,
Жаман екен адамның бұл азғаны??

«МӘҢГІЛІК ПОЛК» ШЕРУІ

Жеңіс күні керемет бұл не деген,
Бәрімізді қуанышқа болеген?!
«Мәңгілік полк» шеруіне әкежан,
Алып шықты суретінді немерең!

Жаңағандай болып кетті кешегім,
Онда өзің қандай өрім жас едің?
Қылышылдаған қырық жаста қалыпсың,
Шеруіне шығып әке көшенің...

Төгіліп бұл тұрса-дағы ойда өлең,
Сен туралы еш асыра сөйлемен.
Нәз алдында бейнең қалды өшпейтін,
Медаль таққан жүқа әскери жейдемен?!

Жеңіс күнгі қазіргі өмір дәстүрі,
Қалың нөпір, көше халық тасқыны.
«Мәңгілік полк» шеруіне шақырған,
Әке сенің отқа күйген жастығың!

ҚАБЫРҒАСЫ ЖЫЛАП ТҮР

Соғыс өрті бықсып жатқан бұл күні,
Таяу Шығыс барлық діннің кіндігі.
Белісе алмай тұрғаны да сондықтан,
Иерусалимдей орталықты, құндыны.

Сіңіп кеткен қазір тарих сағымға,
Онда бар ғой жылап тұрған қабырга.
Қолы тиген пайғамбардың өзінің,
Кіндік кесіп, көзін ашқан шағында.

Арасынан ымыра сез тауып бір,
Бүгін қалай түзе оны, сауықтыр –
Яхудалар мен арабтарды қоса алмас,
Таяу Шығыс төніп тұрған қауіп бұл?!

Онсыз дағы шықсан астаң-кестеңі,
Таяу Шығыс нені бастан кешпеді?
Оған тағы шырпы жағар сияқты,
Америкалық елшіліктің көшкені.

Басып алған бұрын Голланд биігін,
Шешу қызын мұндағы дау түйінін.
Иерусалимді яхудага сый ету,
Тудырады ашу-ыза құйынын.

Артығы жоқ шығар мүмкін сабырдан,
Күн туғанша ортақ шешім табылған.
Адамзатқа тілейді ғой тыныштық,
Жиырма ғасыр жылап тұрған ҚАБЫРҒА!!



ШАМ ЕЛІНЕ ТУАР ЕМЕС ТЫНЫШ КҮН

Шам еліне туар емес тыныш күн,
Тіпті мына Ұлы қуні Ұлыстың?!
Әршеленіп, қайта жана бастады,
Дамаскіде сөнбей қалған бір ұшқын.

Тектен-текке құрылмаған қармақ бұл,
Алмаған да болар оны таңдал құр.
Өз жағындағы содырлардың тобына,
Сәм ағасы қөмек беріп, қолдап тұр.

Шығармайтын құпиясын сыртына,
Сыртқы жаудың түсken жемтік құлқына.
Жебхат Нусра қыспағына қамалған,
Қыын боп тұр Шығыс Гутта жұртына.

Қолдан сусын кеткен ықпал өрісін,
Қайтаруға, толтыруға кемісін.
Біз білетін АҚШ болса, аян ғой,
Аямасын не қаржысын, не қүшін?!

Түріктерге қарсы қойып құрдіні,
Қырлыстырмақ ойы бар ма бір күні?
Ирак елін қырық пышақ қылғандай,
Енді Шамға құрып отыр ындыны.

Шықпай жаны жүрген әзер өлерсін,
Жебхат Нусра оған бірақ не берсін?
Жымысқы істен жеркенбейтін АҚШ-ын,
Еш нәрседен жасқанбайды көрерсің?!

Мұндай ісін қандай оның жан құптар,
Ресей жағынан қарсы тұrap қамдық бар.

Екі ортада өгіз өлер дегендей,
Қорқып, үркіп күн кешуде шамдықтар!

ТАҒЫ СОРЫ ҚАЙНАДЫ

Шам елінің соры тағы қайнады,
Зымырандармен атқыланған аймағы.
«Жойдық» деген желеуімен қойманы,
Шығып жатыр елдің қазір ойраны.

Тағы сылтау – химиялық қару боп,
Коалицияда сандырактан тану жоқ.
АҚШ, Франция, Ұлыбритания үштігі,
Тым жақын түр жер бетінде жағуға от?!

Ел тағынан кетіруге Асадты,
Неге мұндай қателік іс жасатты?
Түк шығара алмады гой өткенде,
Лаңкестерден құрса-дағы жасақты?!

Зымырандардан, ұшақтардан оқ ату,
Шамды түгел от-жалынға орату.
Мәңгілікке бітіспейтін жау етіп,
Араб жұртын қарсы езіне қарату.

Коалиция жатқан кезде қас қылып,
Ресей жағы қалмайды гой бас бұғып.
Тәуекелі, күші де оның жетеді,
үштікті анау аларға бір састырып!



ЕЛДІККЕ ЖАТПАЙДЫ

Онсыз да оңып тұрған емес арасы,
Түсті асқына дүрдараздық жаrasы.
Елін сатқан Сірипальдардың у ішіп,
Пәле салып отырғанын қарашы?!

Ағылшындар кінә тағып Мәскеуге,
Доңайбатқа барып отыр тас кеуде.
Қолдарында іліп алар дәлел жоқ,
Ол туралы не өтірік, рас деуге?!

Өзі ішкенін, не біреудің бергенін,
Біле алмаса, олар тұрған елге мін.
Жорамалдалап, тұспалдалап тек айтады,
Олардың біреу қалағанын өлгенін...

Сатқындығы, азғындығы бәрі анық,
Елінен қашқан қалмау үшін қамалып.
Аты-жөні айтып өзі тұргандай,
Қалай келген орысқа олар саналып?

Еврей ме, әлде мүмкін басқасы,
Ұлты күмән, орысқа анық жатпасы.
Березовскийдай су жүқпайтын сүмелек,
Барып тұрған қырықсідік қоспасы...

Сыбағасын сатқындықтан еншілер,
Британияда оларға осы кең шідер...
Елдеріне қайтарылған себепсіз,
Кінәлі бол шыға келді елшілер.

Қанша іздесін ақтан қара таппайды,
Қырғиқабақ бітпес дауға от қойды.

Батыстікі құр бекерге байбалаам,
Елші қайтару – елдікке бұл жатпайды?!

ГАЗА АЙМАҒЫ ДҮРБЕЛЕҢ

Тұп-төркінін сөз етсек те аздап бұл,
Тереңінен болмайды оның қозғап сыр.
Бітіспейтін даудан осы тынышсыз,
Газа аймагы жанып кете жаздал түр...

Таяу Шығыс көзден жасы жосалы,
Қан кешіп жүр, қайда бірақ қашады?
Шешілмейтін түйін болып тұр қыны,
Иерусалимдегі барлық діндер ошағы.

Палестина мен Яхудаға мұралы,
Көне қала тағы керіс құралы.
Жыл санаудан бұрын туған бұл даудың,
Белгісіз ғой қашан бітіп, тынары?!

Мындаған жыл жылап тұрган қабырға,
Шақыра алмай отыр жұртты сабырға.
Біріккен Ұлттар Үйымында дәрмен жоқ,
Дін бесігін бермейтүғын жалынға.

Жандырғандай үлпілдегін құрактың,
От тастау ғой әрекеті Трамптың?!
Таяу Шығыс кек ашуы кернеген,
Ашындырсаң лап етеді бір-ақ күн!

Яхудаға керегі де ол емес,
Тыныштыққа бастамайды ерегес.

Жаппай жойқын қырғынға ертең тіреңді,
Бұгіндері тас лақтырган төбелес.

Америка білмейді емес, біліп түр,
Қасақана жасалатын қылық бұл.
Елшілігін Иерусалимге көшіріп,
Арабтарды Яхудаға жығып түр...

Бұл дегенің арабтарды алалау,
Палестинаға пысқырып та қарамай.
Сондықтан да Газа аймағы дүрбелен,
Бірте-бірте отқа айналып бара ма-ау??

Екінші бөлім

**КӨҢІЛДЕҢ КӨШТІ
КӨП ЕЛЕС...**



АҚЫРҒЫ СЫН

Жүргегімнің төгілтіп татымдысын,
Талпынады әлі де ақын құсым.
Жастық өтіп кетті ғой қимайтұғын,
Арқа сүйер алдымда – ақылды шың,
Ақсақалды абыз жас жақынбысың?

Бөтен ойдың басатын батыл мысын,
Әлсіреді білек пен тақым қүшім.
Бірақтағы жыр шамын өшірмейтін,
От болуга, ей Шабыт, мақұлмысың,
Өмірдегі бұл мүмкін ақырғы сын?!

Жыр – Тәңір ғой жебейтін ақынды шын,
Ой – теңізге тұңғынық батырды шым...
Көктем өтті, жаз өтті, құзім де өтті,
Қырау басар жанымды жақын қысым,
Соңғы дәптер жазылыш жатырмысың?!

СЕНБЕЙ ЖҮРМІН

Арулардың күйдірген от деміне,
Оралмайтын жастық шақ көктеміне,
Жігіттіктің жылыстап кеткені ме,
Кәрі бура шынымен шөккені де...

Гашық жырлар жазылмай дәптеріме,
Уайым ойға кетіппін көп беріле.
Қанып жұтып не керек оттегіне,
Ұлып қалған далада көк бөріге?

Мазалаған мансапты дерт мені де,
Ермей аман қалыптын ерткеніне.
Қуанамын ақын боп кеткеніме,
Қанат байлап қиялдың кептеріне.

Қүзім жетіп, сарғайды шөп те міне,
Өкінбеймін алаңдап еткеніме.
Сағынышты жастықтың көк беліне,
Тәубе етемін нөсер жыр төккеніме?!

Баянды өмір баураған бектеріне,
Тәңір кілті аспанда, көктегіде...
Үйрене алмай күпілі шекпеніне,
Сенбей жүрмін жетпіске жеткеніме!

ШЫТЫНАМАЙ ШАҚҚА ТҮР

Терезесі көңілдің,
Шытынамай шаққа тұр?!
Алда жұмбақ өмірдің,
Бедері жоқ, тап-тақыр...

Жүйіткіген көліктің,
Бәрі артында қалғандай...
Жыны кетіп желіктің,
Сабасында сандал жай?!?

Лұпіп жүрек соқпайды,
енді ешкімді сүймейді.
Мүмкін ертең тоқтайды,
Бар үміті күйрейді?



Улпілдегін ұшырган,
Бақ-бақтайын сидиып...
Сәтінде осы қысылған,
Тыңдай алар кімді үйіп?

Жырдан іздел жан дауа,
ол да енді табылмай?!
Қол жетпей-ақ қалды-ау, ә
Ұстапайды сағымдай...

Көз алдынан қөшеді,
Бұлдыраңда елес күн...
Откен күннен есені,
Қайтара алмай және ешкім?!

Тоздырады бәрі осы,
Жанға маза бермейді.
Ұшып жүрек зәресі,
Берілгісі келмейді!

ҚҰСТАРМЕН ҚОШТАСАМЫН

Жаз да өтті, күз келді,
Қыркүйекте қысқа күн?!
Құс жолындай ізге енді,
Мен де бағыт ұстадым...

Ғарыш көкten керілген,
Темірқазық қададан.
Түстік бағыт берілген,
Осы жолды таба алам.

Аққу-қаздар топталып,
Үшүға ертең жүр дайын.
Тылсым түйсік сақталып,
Қалғанын-ай, құндайым!

Құстар оны сезеді,
Жылы жаққа ұшады...
Жұмбақ тірлік өзегі,
Ал мені ғой тұсады?!

Қоштасамын құстармен,
Жаным жылап қалады...
Тұған жерге құштар дем,
Одан жылу табады!

КҮЗ БЕЛГІСІ

Құздің мына белгісі,
Үйге тығып, қамады.
Шегін тартқан жел күші,
Үдей соғып барады.

Басылмады ақ жаңбыр,
Сіркіретіп жауып тұр.
Қоштасқасын жаздан нұр,
Күз ғой бізді тауып тұр?!

Жапырақтар сарғаймай,
Түсіп жатыр біртінде...
Тылсым дүние, жалғанды-ай,
Тұрған бәрі мүмкін боп?!



Тәңір ісі деп біліп,
Жүрген жоқпыз біз елеп.
Тұстік жаққа бет бұрып,
Құстар керуен түземек.

Бәрі күздің нышаны,
Сарғайды ғой сар дала.
Алыстаған құшагы,
Жазға жүрміз алдана.

Шыр айналған өмірдің,
Мезгілдері сынақ бұл.
Терезесі көнілдің,
Күз сияқты жылап тұр!..

БҮГІН СЕНИҢ ТУҒАН КҮНІҢ

Қуанышқа бөлейтүғын атасын,
Бүгін сенің туған күнің, боташым!
Қос әжеңнің құшагынан табылып,
Ал анаңның тәттілерін татасын.

Жүргетіме жұлдызы еткен жарқыным,
Бүгін сенің туған күнің, алтыным!
Тәубе етеді Тәңіріне атасы,
Соңыма ерген деп қой менде бар құлын.

Құлдырандар қылышымен еркенің,
Бүгін сенің туған күнің тентегім!
Қоз алдында өсіп келе жатырсың,
Мейір төккен, аялаған өркенім!

Болсын аман әке-шешең қорғаның,
 Бүгін сенің туған күнің Арланым!
 Тебірентіп жіберді ғой мені осы –
 Құлышым-ау, төртке сенің толғаның!

ҚҰЛЫНЫМ-АУ, ҚУАНТЫП СЕН ЖҮРГЕНДЕ...

Ең асылы мендегі бар мұраның,
 Өлең ғана артымда қалдыраым.
 Соны саған аринадым, Арлан жаным –
 Желкілдеген бөбекім, бал құрағым?!

Жеті атадан өспеген жалқы басым,
 Енді қайтіп шаттанып, шалқымасын?
 Жалғыз ұлдан көктеген жапырағым,
 Қүнге ұмтылып өсесің, талпынасың.

Жүргегімді жайып сап ұғынғаным –
 Сенің ғана үстінде шыбын жаным.
 Өмірге де құмарым арта түсті,
 Бал бақыттың татқасын шырын дәмін.

Әр күнімнен жаңа бір із көремін,
 Жазамын ғой жанымның ізгі өлеңін.
 Құлышым-ау, қуантып сен жүргенде,
 Табылды бұл Тәңірден іздегенім!

ЕЛЖІРЕТКЕН ЕРІКСІЗ

Беске кетіп барасың,
Үқсатамын ботаға.
Балдай тәтті баласың,
Еркелеген атаға.

Әке-анаңа таласым,
Жоқ қой, қайтем жазғырып?!
Қүнде қоңырау шаласың,
Ата-әженді мәз қылыш.

Келсең бізге ойнайсың,
Бәрін түгел ақтарып.
Тәттілерге тоймайсың,
Жұрген саған сақталышп?!

Арқамызға мінесің,
Тізерлетіп жүргізіп.
Бізден алар үлесің,
Барын Құдай білдіріп?!

Жасамасқа бола ма,
Айтқанынды құп алып?
Мезгіл-мезгіл далаға,
Жұғіртесің шығарып.

Осындай бір еліксіз,
Қайдан көңіл толсын ғой?!
Елжіреткен еріксіз,
Немере сендей болсын ғой!

Аталаған даусың сондай әдемі,
Естілетін өзгешелеу мәнері.
Өзіңменен көріктене түсті ғой,
Менің жарық дүниемнің әлемі!

Құмалақ сап, сені қандай тіледім,
Болса еken деп болашаққа тірегім?!
Жалғыз ұлдың ізін алға жалғаган,
Өзінді ізден тұрады ылғи жүргегім.

Телефонның шырылдатқан құлағын,
Атам қайда? – болып алды сұрағың.
Бауыр етім үзіліп қой тұрады,
Саған ботам бар пейілмен құладым?!

Жасың беске келе жатыр жақында,
Кезің болды ұғатұғын, ақылды ап.
Әке-анаңды қуанта бер құлымын,
Ержеткесін басты шаңырақ отын жақ!

ОЙНА, ЖАНЫМ!

Құлдыранда,
Ойын соғар кезінде,
Қатаң тыйым,
Шектеу барын сезінбе!
Тыйышсыздау көрінсең де мейілі,
Тентектіктің тәттілік бар өзінде.

Кеңі берсін көкжиегің,
Шеңберің,
Ойна жаным,



Құлашыңды сермегің.
Атаңың да есінде бұл қалады,
Бұлан қағып,
Беске осылай келгенің...

Ойнай берші,
Ойна, жаным,
Шаршама –
Жылды жерді,
Үйді тіпті аңсама!
Тәңір саған тыныштығын беріп тұр,
Балалықтан
Бал татпағандар қаншама?!

Сыртқа шығып,
Сені ойнатпау бір түрлі,
Жараспайды –
Біздей шалға бұл күнгі.
Төбем менің көкке тиіп тұрады,
Жүрсең ойнап,
Төгіп күміс күлкінді!

ОРТАМЫЗДА ЕРКЕ ЛАҚ

Кірер ақыл, сосын ой,
Асыр салар бұл жасы.
Ерке кезі осы ғой,
Зекімеші, ұрмашы?!

Немереме тимеші,
Тентек емес әй, тегі?
Тәрбиені үйдегі,
Бізге берсең қайтеді.

Бұлдірген жоқ ештеңе,
Сынса сынсын бір ыдыс.
Алып жүрер еске де,
Бәрі жақсы құбылыс.

Тыйым салма, шектеме,
Балалыққа бер ерік.
Еркелігін көп деме,
Қызығын ғой көрелік.

Жалғыз жүзіп шаршама,
Біз де бармыз кемеде.
Ұл сенікі болса да,
Менікі ғой немере??

Келініме осындай,
Ой жеткіздім жорталап...
Жүрсін деймін шошынбай,
Ортамызда ерке лақ!

Сыртқа шықса болғаны,
Суық тиіп қалады.
Немеремнің тоңғаны,
Мені ауыртып барады.

Білмегесін ойнауды,
Ұрыншақтап жүргені.
Атасы оның байлаулы,
Күзетшісі күндегі.

Бақшасынан бұлтарып,
Іздейтіні мен тегі?



Жүре берсе бұл қалып,
Өсірем-ау еркені?!

Қоңыржай тартқан демімен,
Бусанып жатқан тұз белен...
Жер аяғы кеңіген,
Жақсы-ау осы күз деген!

Таңғы шықтан кейінгі,
Кілегей тұман қөшеді.
Жаздағы сағым сейілді,
Сарғайған жапырақ төседі...

Желегі түсіп, желге үшқан,
Ормандар енді тоңады.
Қоштасқан шақта көл құстан,
Қайтқандай екен қонағы?!

Төбеде бұлттар жосылып,
Құзгі күн жиі құбылар.
Десе де кейде ашылып,
Нұрын да төгер күні бар.

Еәрібір күзге өкпе жоқ,
Алғашқы қардың алды ғой.
Жаңбыры жауар төкпелеп,
Құні де жақын қалды ғой...

ҚҰС БАЗАРЫ ТАРАДЫ

Оралмасқа кетті күн,
Тізілген тырна, қаз әні...
Бұрынғыдай жоқ бүгін,
Қиқулы құстар базары.

Сағынасың, сенбейсің,
Азайып қалған құс қайғы.
Тырналар легін көрмейсің,
Сүңқұлдан қаздар үшпайды...

Тынар деп бұлай аяғы,
Болмаған шығар ойда алыс?!
Жыртылып үшқан баяғы,
Көлдегі қалың қайда құс?

Тайғаны осы-ау бастан бак,
Бүгінгі көрініс кіл өгей?!
Безіп көлден қасқалдақ,
Қалғаны жалғыз шурегей...

Қызғыш құс бекер зарлайды,
Оны да тыңдар зауқым жоқ?!
Зорланып құшке салмайды,
Көл көтерген әупілдек...

Телміріп аспан заңғарға,
Қыран құстары қалмаған.
Көзім ғой әбден талғанда,
Қарақұстарға да алданам?!

Қанша мұжі өзінді,
Оралар көкке қайлашын?



Құстардың бәрі безінді,
Қарлығаштарым, қайдасың?!

Құс базарын жалмаған,
Табиғатқа таңғалам –
Қарқылдаған қарғадан,
Басқалары қалмаған?..

ҚАЗАНДА ЖАУҒАН ҚАР

Күн сұтып, қар жауды ғой,
Биыл ерте қазан айда.
Дөп келер ме болжау бұлай,
Құбылмалы ауа райға?

Қыс сияқты, кәдімгідей –
Мұз қатырды су бетінде.
Көз саламын, Тәңір дүлей,
Құздің осы суретінде.

Бауырлады қорғасын бұлт,
теріскейдің желі ызғарлы.
Уақыт неге алға асығып,
Қыс әкелді, неміз қалды?

Орман-тоғай жапырағын,
Жоғалтып та үлгермеген...
Дір-дір тонған атырабым,
Сары алтын күз түрге енбеген?!

Тұрған жоқ қой жаңа қысып,
Табиғатты сынау жаман.

Қыстан қашып барады ұшып,
Тырна керуен тыраулаған...

ҚАР ЖАТЫП ҚАЛДЫ

Жылдағыдай болмады көз алдамы,
Қар жатып қалды биыл қазандагы.
Сарғайған кең қолтықты қоңыр күзім,
Қадамын қарашага соза алмады.

Алданды кеш ұшатын жыл құстары,
Болмағандай қайтуға тым құштары?!
Ойладық па жатып бұл қалады деп,
Қазанның ерте түскен тұңғыш қары?

Жоқ менің табиғатпен таласарым,
Төбесі көрініп түр қарашаның.
Күз айы десек те оның білеміз гой,
Қақаған қысқа қарай әрі асарын?!

Таңданбаймын қазанның ақ қарына,
Бірте-бірте су беті қатқанына.
Елеңдетпей көңілді, ерте түсіп,
Дұрыс шығар осы қар жатқаны да!



ҚАҢТАРДЫҢ САРЫШҰНАҚ АЯЗЫ

Жұртымның жарайды ғой бүл шыдамы,
Еттен өтіп барады қыршығаны.
Батыс Сібір ойпатын жаулап алған,
Сары аяз жерге бұғып, тұншығады.

Қырықтан да асады сынап баған,
Бір аптадай бүл аяз тұрақтаған.
Әсіресе, желінің өті қатты,
Бетті қарып, үсітіп, шыдатпаған.

Тік ұшады мұржалы үй тұтіндері,
Аспан асып кетердей бүкіл демі?!
Сұңгі мұртты жігіттер жүр далада,
Жерге мұз бол түседі түкіргені...

Білдірмейді бүл суық бүтін жайды,
Кеуде керер кең ауа жұтылмайды.
Суықторғай бұтақта қатып қалып,
Басқанда табан ізі сықырлайды.

Қары жұқа қыс қатер дегендейін,
Қата түсер жер тоңы тереңдейін...
Сарышұнақ сары аяз қысып тұрсың,
Өмір бар ма бүл өзі сенен кейін?

ОРМАН КЕЗІП БҰҒЫМ ЖҮР...

Табиғаттың түпкі сирин кім ұғар,
Тундрада қатып жатыр шыны қар.
Тұяғымен азық таппай қиналған,
Біздің жаққа безіп келді бұғылар?!

Солтустіктің мұзды поляр шеңберін,
Түсінбеймін қалай асып келгенін.
Жолда жолай тастан тауып қына-мұқ,
Сар даланың басты-ау ақыр кең жерін.

Ақ қайынды орманымның сәні бол,
Өзегеріп бұл сала берді төңірек.
Есіл өндір табиғаты шұрайлы,
Бұғы, еліктің жетеді гой бәріне от.

Биыл өзі түскен жоқ қой қар қалың,
Жүр бәрі де кезіп еркін орманын.
Шеп үйілген жерлерге де үйрәнді,
Қорықшыдан тауып тіпті қорғанын.

Дала сиры аталатын бұрын бұл,
Есімізге түсір соны, біліндір!
Бауыр басып кетері анық бізге де,
Орман кезген бұта мүйіз бұғым жүр?!

Ақпан туып қаңтарды тақымдаған,
Басылды сары аязы сақылдаған.
Кеңейтіп қызылжолақ көкжиекті,
Күн алыш бірте-бірте жатыр қадам...

Қары мен бораны әлі үзілмейтін,
Шөп маясын аямай бұзып жейтін.
Қыстың осы шағын ғой аталарым:
«Тұнде – мүйіз, ал күндіз – киіз», – дейтін!



ҚЫСТЫҢ СӘНІ МАМЫҚ ҚАР

Жылдағыдай күртігін оппалатқан,
Түсірмеді биыл қар қаңтар-ақпан?!
Желтоқсанның болмашы қырбық қары,
Әзер ғана жер бетін жоқ па жапқан?

Тұрғыза алмай балалар аққаласын,
Жүрген қыстан қорқасың, сақтанасың.
Қыстың сәні келсін бе мамық қары,
Даласын қалың қымтап жаппағасын!

Қар түспеді жарытып,
Ақпан өтіп барады.
Аязы бетті қарытып,
Ызгары жерді жарады...

Жалаңаш жатыр тұз дала,
Жамылмай мамық көрпесін.
Айысың ғой мұздана,
Қыраулатқан жер төсін?!

Мол ылғал биыл түспеді,
Егіске ертең нәр болар.
Өтіп қой кетті қыс тегі,
Тұрі жоқ енді қар борар...

Түтеленген жүндей бол,
Көшеді көктен құса бұлт.
Биіктей түскен Құндей бол,
Барады көктем күш алып...

Күн ұзарып, кеңейіп көп тынысы,
 Жатқан шақта уақыттың жоқ тұрысы.
 Нұрлы шуақ қар бетін қаусыратып,
 Ақпанның да, қыстың да кетті күші.

Аяз күндер аз болды сыйырлатқан,
 Желді боран үрген жоқ түтін қаққан.
 Қаңтардағы бір апта сұғымен,
 Биыл қыстан жай гана құтылды ақпан?!

Енді көктем күтемін, тоса да алам,
 Қолымды оған созамын осы арадан.
 Ұлыстың Ұлы күні аяқ басар,
 Наурыз түр ғой сығалап босағадан!

ЖӨНІН БЕРДІ

Билік қашан бұған бұл көңіл бөлді,
 Қыста жүру биыл ғой жеңіл болды.
 Жолды жауып тастамай оппалатып,
 Қар аз түсіп, Құдайым жөнін берді.

Жөнін берді әкімдер есебі үшін,
 Тізіп айттар бүгіні, кешегісін.
 Қала берді ұмыт бол бұрындары,
 Байлап-матап тастаған неше қысым?!

Аспанға атып қуантқан бөріктерін,
 Жұмсақ қысты дәл мұндай көріп пе едің?
 Ауылара жолдарда аршилмаған,
 Тура тарта береді-ау көліктерін.



Биыл оппа қары жоқ кезілмеген,
Қыстың емес, күздің гой кезін көрем.
Қантар, ақпан өтті деу қыын өзі,
Бір бораның дұрыстап сезінбекен?!

Күні жоқ бұрынғы айыл жимайтындаі,
Қар тапшы – биыл қысты қинайтын жай.
Дүрлікпей-ақ қойсынышы еңістегі ел,
Су тасқыны болмайды сыймайтындаі!

ҚӨКТАЙҒАҚ

Бетінде қар, асты мұз жай да қатқан,
Шалып түсер білмейсің қайды қақпан?
Сап-сау жүріп сүрініп кеткендіктен,
Мен де таяқ жегенмін тайғанактан...

Құлағанмын сүрініп оқbastайын,
Сылтып басқан ұмыттым жамбас жайын?!
Сынық қолым сыздатып ауыртқанда,
Әлі күнге бебеуlep қан-қақсайым...

Қаншама көрсем де оның көрешегін,
Енді таймай, нық басам демес едім.
Қауіптің алдын алар түбегейлі,
Жоқ екенін білмеймін неге сенім?!

Бейнетке гой бастайды бақ таймақ күн,
Долы жел мен жылтыр мұз шатқайлattтың.
Наурызың басындағы мына жаңбыр,
Көкесін таныттың-ау қөктайғақтың!

Жіңсіп, босап жатқасын жыра жақ бұл,
 Үстап қысты түрмайсың бұғалап құр.
 Күн мен Тұні теңесер кезі келіп,
 Қектем, міне, есіктен сығалап тұр...

Бұлақтары бұлқынып бұла қаққыр,
 Қызғалдағын тербетсе гүл алап қыр?!
 Қектем қүнге қол созып, көп іздейтін,
 Жаным қалай жыр төкпей шыдамақ бұл!

БИЫЛ ТАСҚЫН БОЛАР МА ЕКЕН?

Биыл тасқын болар ма екен,
 Болмай ма,
 Әлегі оның тиғен талай таңдайға?!

Қыста онша қар түспеді,
 Әйтсе де –
 Әзір болу керек барлық жағдайға.

Есіл өзен тентек емес дегенмен,
 Талай тасып,
 Асып шыққан кемерден.
 Оған мысал бола алады былтырғы,
 Тасқын суы дарияға теңелген?!

Сарыарқадан,
 Одан да алыс қиырдан,
 Қарқаралы,
 Нұра жақтан жиылған –
 Ағын сулар арна тауып барлығы,
 Кәрі Есілге,
 Ана есілге құйылған!



Сонда өзгеріп қетеді осы момыным,
Нагыз тентек,
Өзі болып долының.
Көбіктеніп Қара Ертіске құйғанша,
Көпкө дейін баса алмайды солығын...

Иман Бұрлық,
Шуда сайлар қосылып,
Ақса мейлі,
Аға берсін жосылып.
Ауыздықтап аламын деп асауды,
Тасқын суға басу айту асылық!

Барлық сақтық шаралары шешілген,
Тасқын судан секемденем несін мен?
Биыл тасқын болмайтуғын сияқты,
Есіл тыныш ағып жатыр кесілген...

Құс қайтатын думанды,
Бала қүндердің базары...
Сағынтып жүр ғой қу жанды,
Тырналар әні, қаз әні?!

Қалада қазір түрғасын,
Керуені қайдан көрінсін?
Суалған көңіл жылғасын,
Іздей ме құстар, не қылсын?!

Оралмай сонау өткенге,
Жүрермін қалай жүдемей?
Ауылға барып көктемде,
Құс жолында түнемей...

Сағынам тырна сұңқылын,
Аққу-қаздар қаңқылын.
Бүршіктенген бүршігім,
Қозғайды бұл жан қылын...

Қиқу әнге құмармын,
Құс жолына телмірем.
Қарсы алатын шығармын,
Ең соңғы рет енді мен?!

НАУРЫЗ ТҮНДЕ

Бұғін түнде Құн мен Тұн теңеледі,
Жыл жаңарып,
Ескісі көнереді.
Уақыт жібін қолынан шығармайтын,
Тәңір қандай мықты еді,
Шебер еді?!

Жаңарады тіршілік,
Құлпырады,
Бәрін көктем алады ырқына әлі.
Көгендерегі қозы-лақ маңырасып,
Ертең-ақ қой құлныны шұрқырары...

Құнделік көрінгенмен көзге бірдей,
Болмайды ғой бұл өзі өзге қүндей.
Наурыз түні – таразыда тең түскен,
Тіршіліктің кәдімгі безbenіндей?!

Ала жатар алда Құн басымдығын,
Ал, әзірге Тұн бұғып,
Жасырды мұн...



Өзгермейді бірақ та оныменен,
Нәтижесі тәуліктік қосындының!

Бір-бірінен алары,
Бересі жоқ,
Тағы осылай тіресер келесі рет.
Наурыз түнді бүгінгі,
Наурыз түнді –
Ұғынамын жыл басы мәресі деп!!

Беріспей тұр,
Қыс қасарысын жатқаны-ай,
Қалыптасқан сыралғы мінез сақтамай.
Кеше қүндіз жаңбыр жауса нөсерлеп,
Түнде оның мұз бол, құрсан қатқаны-ай?!

Ертеңгілік тұсті үстіне мамық қар,
«Жібермеші, – дей ме, қысты алып қал!»
Бірақ бізге көнбейді ғой табиғат,
Аражігін Тәңір өзі анықтар?!

ТҮН

Тұнгі жырлар жүргегімде тұнып тұр,
Қозғап едім, кетті жаным жылып бір...
Тұн қадірін көрер ме осы Құннен кем,
Жұлдызды аспан жамылуға құлышты үл?!

Айға қарап, алғы құнді болжаймын,
Ол болмаса, қараңғы аспан қандай мұн?
Құннен түннің айырмасы алдымен,
Көрінбеуі көкжиегі шалғайдың...

Жұлдыз ағып, көкті тіліп жатады,
Сиремейді сонда да оның қатары.
Жыртып түнді жарқанаттар ұшиңда,
Қорқынышты, құбыжықтай жат әр...

Әупілдектер баса аямаса әупілін,
Сабасына түсірер түн әупірім?!
Шырын түннің шырқын бұзар тентегі,
Сыртта қалып шүркыраған сау құлын...

Түн қойнының көп қой сыры, тылсымы,
Бата қоймас оған адам тұмсығы.
Құшағына еніп кету керек қой,
Түнді білу керек болса бұл шыны!

Сәуір келді, қырдағы –
Қар сөгілмей түр әлі.
Осы кезде жылдағы,
Бұлқып жатар бұлағы...

Түнде согар ысқырып,
Желі ызғарлы теріскей.
Қыс етсе де қыстырып,
Көктемге түр беріспей?!

Жетпей жатса күш-демі,
Емес ол да олқы жай.
Түнгі салқын – түстегі
Күншуаққа балқымай...

«Сәуір келіп сауығар» –
дейтіндері қайда осы?
Табиғаттың табылар,
Мүмкін бұл да айласы!



ҚУН РАЙЫ БҰЗЫЛЫП ТҮР

Сәуір неге тұр осы тұманданып,
Ұзақты қүн тұнжырап, мұнарланып?
Құн көзі де шықпады-ау қыздыратын,
Жылына да алмадық құмар қанып?!

Қар аз болды, тез кетер деген едік,
Жарытпады бірақ та жедел еріп.
Топырагы тереңдеп қатып қалған,
Жатыр әлі сағыздай шегеленіп...

Сәуірдің бұл мый сазын кешіп тұрып,
Жеткенімен қиқулап, есікті ұрып.
Биылғы жыл жаңылған әдетінен,
Жатыр бізге көктемді кешіктіріп?!

Жүдесе де, жұбанар көңіл мейлі,
Уақыт бірақ кейінге шегінбейді.
Туган жерге оралған осы кездे,
Керуені құстардың көрінбейді...

Тұманданып, құн райы бұлініп тұр,
Өзен-көлдің мұз беті тілініп тұр...
Су тасқыны болатын сияқты ғой,
Сосын бәрі кетеді-ау жылышып бұл!

ЕСІК КӨЛІ

Құндақталған баладай бесіктегі,
Тау тесінде тұнып тұр Есік көлі.
Талғар шыңын білгендер, сәл төменде –
Көлі барын неліктен есітпеді?

Мелдіреген тамшыдай тау шарада,
Сусын болған сусаған жан сараға?!

Есік көлін шалқытып жырға қосқан,
Тауға барып дем алған қаншама аға!

Шатқал аузын шегендеп жарыменен,
Толығатын тау басы қарыменен.

Құлағаны-ау, сол көлдің сонау жылы,
Дегендейін тау-тасты жарып өлем...

Апатты ғой айтамыз тосын болған,
Не шығады бүгін бұл, жасырғаннан.

Есік қала қалды онда ес жия алмай,
Тасқын селі қиратып, шошынғаннан?!

Су бұзған жер қайыра шегенделіп,
Оны бүгін түр мықты бөген бөліп.

Тау төсінде тана көз – Есік көлі,
Табиғатқа жарасқан кемел көрік!

Келді ғой, міне, тағы нұр көктем,
Тіршілік қайта жаңарып жатыр.

Қанаты талып, зарығып жеткен –
Тырналар қайтып оралып жатыр...

Жетелеп ұшып тағы үміт-арман,
Сездіріп қырға тым құштарын...

Туған жерін сағынып қалған,
Оралып жатыр жыл құстарым!

Тағы жауып кетті құн,
Тынышты оның алғаны-ай?!



Несеріне жоқ тыным,
Бұзылмасын жол қалай?

Көктем тіпті кешікті,
Кек шығарға жеткізбей...
Құдай берген несіпті,
Нұр-шуағын төккізбей.

Бұлттар бәрін басып тұр,
Көбесінен сөгілмей.
Жайнамайды-ау жасыл қыр,
Құннің көзі көрінбей?!

КӨКТЕМГЕ КӨҢІЛ БОЛДЫ ЗАР

Сәүірде жылу болған жок,
Жиі-жиі жауды қар.
Бұрынғы шуақ арман боп,
Көктемге көңіл болды зар...

Кек шықпай жатыр бүйігып,
Қызғалдақ қырға толсын ба?
Құннің нұры құйылып,
Тұрмасасын болсын ба?!

Мамыр да солай жаңбырлы,
Көктемнің бағын байлап тұр.
Жерді әбден суға қандырды,
Батыс Сібір аймақ бұл...

Уақыт қой өтіп барады,
Мерзімі жақын егістің.

Есесін қалай алады,
Кешіккен көктем, кеміс күн?!

Болмайды-ау жүріп, құрысын,
Даланың жолы кепкен жоқ.
Көктемгі маусым жұмысын,
Биыл жүрт қайтіп өткермек?

Қының көктем бүйірды,
Әзірге реті келмей тұр...
Қырын тартқан биылғы,
Табиғат Тәңір көнбей тұр!!

ШИЕ АҒАШТАР ГҮЛДЕМЕЙ ТҰР

Бүгетіндей бір сырын білмегей құр,
Көріпкелдер бұл жайлы үндемей жүр...
Осы кезде ақ гүлге оранатын,
Шие ағаштар, япырай, гүлдемей тұр?!

Оғаш көктем шығар бұл ғасырдағы,
Жапырақтар бүршіктеп, ашылмады.
Жыл құстары кешігіп келмей жатыр,
Қандай сырды бар тағы, жасырғаны?

Мамыр соңы кеп қалды, жазға жақын,
Уақыт осы – шуақтап, мазданатын.
Жарытпайтын сияқты-ау жылы күндер,
Біздің жақта онсыз да аз болатын.

Біле алмайсың бәрібір білмегейді,
Табиғатта сүреңсіз күн көбейді.



Маза кетіп барады, маза кетіп,
Шие ағаштар неге бұл гүлдемейді?!

Жаз туды ғой, күн жылының,
Ең ұзақ күн маусым айда.
Көктемдегі қынжылымды,
Айналдырған жан шырайға?!

Күмәнім жоқ енді ешқандай,
Маужыраган жаз келіп тұр.
Жібек сағым перде ашқандай,
Кетті мұлде өзгеріп қыр...

Қуанамын бәрін көріп,
Ештеңеге ренжімеймін.
Далама жаз сәнін беріп,
Кереметтей елжіреймін.

Шуақ шабыт бермесін бе,
Жазбен жүрмін сырласып тым?!

Ауылды аңсай бергесін де,
Келіп кетті қырға шыққым...

ЕГІН СЕБУ КЕШІКТІ

Қанша құя береді,
Жаңбыр да бұл басылар.
Жылынып қой келеді,
Мүмкін енді ашылар?!

Үш күн ұдай жауғаны,
Зәремізді алғаны-ай,

Астықты өлкө аумағы,
нансыз биыл қалмағай?

Онсыз дағы кешігіп,
келді қектем биылғы.
Құдды біреу өшігіп,
Жоғарыдан бүйірды...

Жарытып қар түспеген,
Жердің асты тоң әлі.
Табиғи бұл күшпенен,
Кім таласа алады?

Десе дағы сөз етпес,
Бір олқылық бары анық?!
Ауа райымен өзектес,
Жайбасарлық жамалып...

Асықпаймыз неге біз,
Болмаймыз ғой текке үрей?
Қашан егін себеміз,
Мамыр өтіп кетті ғой?!

Бидай себу біткен жоқ,
Бастаған жоқ арпаны...
Мұндайды ешкім күткен жоқ,
Содан бәрі қорқады.

Сонғы дәптер деп едім,
Сонғы болмай,
Жайым барға ұқсайды жол құрадай...
Атқан таңға күнде ғой тәубе етемін,
Көпсінбесе еken-ay,



Тәңір Алла-ай?!

Жыр төгіле берсінші,

Жыр төгіле,

Жетелеген жанымды сыр төріне.

Жетпіс деген белеске жетіп қалдым,

Бар ма белгі ал одан сырт өнімде?

Шаршап тұрған жоқ әлі,

Қеңіл дөнен,

Қембесі алыс әзірге көрінбеген?!

Соңғы дәптер бетінде қалса-дағы,

Өшпейді ғой, өшпейді өмірлі өлең?!

Жыр бақыттың жүргесін дәмесімен,

Сезімім сөгілмейді қебесінен.

Соңғы дәптер бастаймын тағы осындай,

Ашылатын тың шабыт,

Келесі дем!

Ойымның маржаны осы,

дәнім демен,

Толқып ағып жатады жанымда өлең...

Қияға құлаш ұрған қеңілменен,

Барынша от сезімге жалын берем.

Ал, өлеңім жетпейтін санасына,

Санайын қалай жұрттың бәрін керең?!

Артық айтып,

Қөпіріп, қосымаймын,

Өлеңнің өлкесінде бақ сынаймын.

Мен де пенде,

Қәзінен жас бұлайтын,

Қерек емес,

Қаһарлы қасқыр айбын?!

Бірақ та мелшиіп міз бақпайтын,
Бірі болғым келмейді Тас Құдайдың!

Откенімді екшеймін,
Безбендеймін,
Таяқ жесем –
Мен осы сөзден жеймін.
Жаныштайды жанымды езгендей мұн,
Таяғанын бір тықыр сезгендеймін...
Маган бірақ бәрібір түзету жоқ,
Тәңір берген мінезден өзгермеймін!

ШЕШІЛУ

Сарқылып барады сары күн,
Сосын ғой сөнеді жарығым...
Кіремін Жер-ана қойнына,
Алатын жанымның дамылышы?!

Тілемес өмірдің соғанын,
Көнілдің тусінem тоғанын.
Бір басқа бір тағдыр жетеді,
Көремін Тәңірдің жазғанын.

Тұрасын айтуым керек пе,
Ешкімге ешқандай жоқ өкпе.
Жат бір сөз жазылмай қалсыншы,
Мен жайлы ақпарат, деректе?!

Кетпейін ойменен күмәнді,
Біреуге жүк еткен кінәмді.
Ақ болып қалуга тырыстым,
Аттаған жерім жоқ Құранды!



Соңғы рет жыр жазып есілем,
Қоштасып өмірдің көшімен.
Дұрыс па, бұрыс па білмеймін,
Мен бүгін осылай шешілем!!

Тілім-тілім жыр жүректі мазалап,
Құнде мына шабыт тілеу өзі ағат.
Бірақтағы көңіл қалап тұрған соң,
Басылмайды ақындағы жан азап?!

Сүрте-сүрте өмір-әйнек шынысын,
Тағат-төзім шыдар емес, құрысын.
Өлең жазу – менің үлкен бақытым,
Табам одан тіршіліктің тынысын!

Ойлай-ойлай ойдан безіп барамын,
Дұрс-дұрс соғып көтерілер қан ағын...
Кеудемдегі құрсініске айналды,
Жаһандагы жан ышқынған жаралы үн?!

Бағынан ба, сорынан ба маңдайдың,
Ешқашанда жырдан беле алмаймын.
Соның үшін дүниені талақ қып,
Жер бетінде жалғыз қалған жандаймын!

КӨКІРЕККЕ ҚҰЙЫН ШАБЫТ КЕЛГЕНДЕ...

Тоқтай тұршы,
Сәл шыдашы Тақсыр Құн,
Өзіме-өзім,
Келмейді ғой қас қылғым...
Сөнбес нұрға,

Аспандағы жарыққа –
Тағдырымды келіп отыр тапсырғым?!

Сабыр тапшы,
Асықпашы Арай Құн,
Сенің сөнбей тұрғаныңды қалаймын.
Жаңым нұрлы шапағыңа шомылса,
Жүректегі аршылмайды қалай мұң?

Жарқыраши,
Жана берші Жарық Құн,
Бал сезімге,
Бал бақытқа жарыттың.
Жүргіме қиял құсын қондырып,
Мені қазір ақын етіп таныттың.

Өрекпіме,
Өр көңілге жел берме,
Не табамын,
Оған енді көнгенде?
Құн мен Тұнді қоса ұмытып кетемін,
Көкірекке құйын шабыт келгенде??!

МАРАЛҒА

Сол баяғы Маралсың мәлдіреген,
Көзің құліп, дауысың сыңырлаған.
Басылмаған сағыныш, шөлді көрем,
Жастық шақтан алыстап бұлдырлаған...

Тамаша еді-ау, тамаша әнің қандай,
Домбырамен қосылып төгілетін.
Өнеріңе ынтығып, жаңым қалмай,
Жүргегімнен жыр сезім өрілетін?!



Несіне бәрін айтып тіземін мен,
Аруындаі едің-ау ертегінің.
Көрініп тұр ақкөңіл мінезіңен,
Әлі сенің қалмаған еркелігің?!

Қолымызды созбадық қектегіге,
Сездіргенмен жан сырдың азы-кемін?!
Өшірмесең болғаны дәптеріңе,
Өзіңе арнап екі өлең жазып едім...

Көкірегімде тұнып тұр тұнық өлең,
Айқайламай,
Ішімнен тынып өлем...
Көзімнің жасы,
Жүректің мұңыменен,
Өзінді ойлаң өкінем,
Құңғренем?!

Бір көрініп,
Жаңымнан табылмайсың ба?
Сен мені шыныменен,
Сағынбайсың ба?
Сені ойлаймын,
Сан қылы кешем елес,
Сағынамын,
Сағынба, – десе де, кеш?!

Айығатын бұл жүрек қеселі емес,
Талпынысым құр әуре,
Нешеден еш...
Жылдардың алыс мұнартатынын,
Бір тылсым сыр артатынын –
Ұғынамын.

Менің саған құмартатыным –
Тәнің мен төсегің емес,

Мәлдір махаббатым,
 Білгейсің оны жаным!
 Ол сарқылып өшеді демес –
 Бүгінім де осы,
 Кешегім емес,
 Естімейікші жұрттың бұл өсегін егес?!
 Бір көрініп,
 Жанымнан табылмайсың ба,
 Сен мені сағынбайсың ба?

Ақ қағазды тағы да шимайладым,
 Жүргеріме,
 Жаныма симай жалын.
 Алпыс екі тамырдағы қан түгіл,
 Шекемді солқылдатып,
 Ми қайнадың...

Көксеп жүрген көңілдей жыр құрақты,
 Өң бойымды сыздатты,
 Сырқыратты.
 Көкіректе оятып қиял қөзін,
 Қан қайнатып тасыды,
 Бұлқып ақты?!

Құйса құйсын,
 Нөсерлеп тазара алам,
 Шабыт осы шығар-ау мазалаған?!

Қақпайыншы қолымды,
 Шимайласын,
 Қалам тартпай қалған күн жаза маған!..



Шабыт безіп кетті ме мүмкін менен,
Ақ қағазым алдында тұртілмеген.
Жатқасын ғой ойладым, жыр бақытым –
Бұрылайын дедің бе сыртыңменен?!

Бұл сәтімнің теңермін сұрқын немен,
Жүйрік жорғам қайдасың бұлқілдеген?
Шіркін, шабыт құйылған кезін айтшы,
Дәптер толы төгілген бір түнде өлең!..

Тағы осындай шабыт күй кешпейім бе,
Айтарымды қалдырмай еш кейінге.
Жағасын жырып асқан теңіздейін,
Өшсем де, сосын ғана өшпейім бе?!

Қалыс қап жүрмін бәрінен,
Икемім жоқ па, жатпын ба?
Өмірдің татар дәмінен,
Шетқақпай қалған жоқпын ба?!

Шықпаймын білек сыбанып,
Талас пен тартыс дегенге.
Қанағат сезін құп алып,
Құл болған жаңмын мен елге.

Маңдайға қойған сызылып,
Тағдырың осы болғасын.
Мезгілсіз оның үзіліп,
Тілеймін жолда қалмасын!

Қарауылға іліккен адырнада,
 Тірі өліктей елексе, жаным жара.
 Жүргімді тастайтын жалын отқа,
 Құтқаратын мені тек Тәңір ғана!

Жүргімді күйдіріп, шоқ қылатын,
 Мәрт өлімнен басқадай жоқ мұратым?!
 Басқа нені тілейді дейсің осы –
 Өз сөзінде ең соңғы ақтық ақын...

КӨҢІЛ СЫРЫ

Бергесін бұл шыгар-ау талан маған,
 Жүйріктеймін тектен-тек жааралмаған?!
 Тағы мінез танытып жүргендіктен,
 Қездерім де аз емес араңдаған...

Төксін мейлі бақытты үйіп көктен,
 Шымбайыма бар қамшы тиіп кеткен.
 Жалын жұтып, жүргесін от құшақтап,
 Қездерім де болады күйіп кеткен?!

Есеп бере алмаймын алдағымнан,
 Жаным менің садақа, жауға құрбан!
 Құн еңкейіп қалғасын болар мүмкін,
 Қездерім көп шүкірлік, тәубе қылған...

Тұрғасын да сөз болар кемелі кеп,
 Ойланудың осындай көмегі көп.
 Өшіргіштей өшірген өмір ізін,
 Қездерімнен безінем бедері жоқ!



Тоқырадым,
Тағы да тоқырадым,
Ақ қағазға телміріп отырамын.
Күзім жетіп,
Кеудемді қырау шалып,
Жанымның жұлып жатыр жапырағын...

Тоқырадым,
Тағы да тоқырадым,
Сарқылып біткені ме ақыр ағын?
Жыр дәметіп,
Жүректен кеуіп қалған,
Несіне енді шабыт шақырамын?!

ЖЫРЫМДА МЕНИҢ ТІЛЕГІМ

Сезім отқа шарпылам,
Лұпілдейді жүрегім.
Жан дүниемді қарпыған,
Жырымда менің тілегім.

Жырга мөлдір берілем,
Қайнарынан нәр алам.
Сырымды ашып сөгілем,
Қайта туам, жақарам?!

Жұтамын өмір сусынын,
Қандырамын шөлімді.
Ішілмеген у шырын,
Енді балдай көрінді...

Таңғы шықты кешемін,
Толарсақтан малишынып.
Қызығалдақ гүл шешегін,
Жұғанынша тамшы бұлт?..

Көкжиекте көк сағым,
Қолын маған созады.
Басатын көңіл аңсарын,
Кешігіп жатыр жаз әлі...
...

Жоғалтып алмай көктемді,
Тосамын ғой жазымды.
Мазалап жүрген көптеңгі,
Ойларым жыр бол жазылды?!

Жазған жырлар жыртылады,
Түсінер жүрт қалмады-ау?!

Сақталмайды жыр-тұмар,
Жандырмаса жанды алау.

Жазған жырлар өшеді,
Жыр сүйгендер кетті өліп...
Нагыз жырдың шешегі,
Жүректе тұр кептеліп!

Жазған жырлар жылайды,
Өксігін жүр баса алмай.
Бірде құзға құлайды,
Тағдырынан қаша алмай...

Жазған жырлар сарғайып,
Түсіп жатқан жапырақ...

Қайыр сұрап, қол жайып,
Қалған біздер ақымақ!

Өткінші өмірдің,
Жыртығы жамалмай...
Көп жүрдім көңілдің,
Ынтығын баса алмай?!

Құндерден келесі,
Үркетін шағымда.
Жастық шақ елесі,
Айналды сағымға...

Ертеңен көп күткен,
Қорқатын кезімде.
Қалдым гой елтіп мен,
Сейілген сезімге.

Болашақ дегеннен,
Безініп жүргенде.
Жолығып өлеңмен,
Өзгердім бір демде!

Көңіл күйі бұрынғыдан орталау,
Қыын болып кетті мұнды арқалау,
Шынымды айтсам, қажып жүрген жайым бар,
Мұжілемін ойға батып сан тарау?!

Мүмкін емес жүрек шері тарқамау,
Оған дейін жан азабын тартам-ау?
Тағат-төзім таусылуға айналды,
Тек өзінді ойлауменен қалқам-ау!

Жаным ғой жап-жарық,
Бір жұмбақ күй кешемін.
Қалмасам арбалып,
Мен сені сүймес едім?..

Көзіңен шоқ түсіп,
Жүректі қүйдірдің.
Отырмын от құшып,
Еріксіз сүйдірдің...

Бойладым тереңге,
Тұншықтым жанарға.
Махаббат дегенде,
Ақыл-ес қалар ма?

Жастықтың жалынын,
Құшақтап алыштын...
Көңілдің зарығын,
Өзіңен тауыппын.

Көзің ғой күлімдеп,
Жұзің нұр төгеді.
Жасырап түгім жоқ,
Осы ғой керегі!

Өмірдің қимас шағы, сайранында,
Қанша жыл қиял кездім ой бағында.
Жыл құстарын ұшырған күздегідей,
Сарғаярын сол бақтың ойладым ба?

Ойладым ба жанымның мұң кешерін,
Жүргегімнен жаңбырлап жыр көшерін?!



Соның бәрін сабақтап, ой тізбелеп,
Өткен күнмен отырып тілдесемін...

Енді қайтып оралмас құлкі бақыт,
Ұсынбайды ештеңе жылтыратып?!
Қызыл иек іңдерден балқып батқан,
Таң боп атар ертеңгі бір күн артық!

Іздегенмен жыр сезім,
Жаң самалын,
Сезіледі бүгінде шаршаганым?!
Көзде тұман,
Бел бекер бүгілмейді,
Бітті дей бер,
Осымен қансонарым!..

Кетті дей бер,
Сейіліп сағым думан,
Жеткізбеді қайтейін,
Бағым қуған?!
Қыыс басып кетіппін,
Қиялға еріп,
Шыға алмай-ақ қойдым ғой,
Қалың нудан...

Келмейді ғой,
Келмейді-ау тоқырағым,
Шабыт пірін іздеймін,
Шақырамын.
Жүдегеді жанымды бірақтағы,
Үзіліп,
Түсіп жатқан жапырағым...

Білгесін де,
 Жыр жүрек көктемесін,
 Көрсетпейді енді өмір көк белесін.
 Көнесің ғой,
 Бәріне көнесің-ау,
 Жерден безіп,
 Көкке ұшып қетпегесін!

Урпек сезім үркеді,
 Махаббатты ұмытқан...
 Қалың тұман бұркеді,
 Күн нұры жоқ жылдытқан?!

Кетті көшіп көзімнен,
 Жалындаған елес күн...
 Ең алғашқы сезімнен,
 Әлі арылған емеспін.

Жұзіп аспан жолымен,
 Батты құнім қызыарып...
 Жастық дәурен онымен,
 Жатқан жоқ-ау ұзарып?!

Жүрек лұпіп соғады,
 Мұмкін соңғы сағатын.
 Тапқан иесіз жағаны,
 Жартастаймын қалатын!

Ұялшақ ем,
 Ұяндау болатынмын,
 Бара алмадым батыл бір шешімге де.
 Сондағы жайын ұғып бала ақынның,



Аяғаның есінде ме?
 Бір көргеннен есімнен тандырғаның,
 Үмітімді жебелеп жандырғаның –
 Есінде ме?
 Енді оны сен маған өшір деме –
 Түсімде ылғи көремін,
 Көшірмеде...
 Қияс кеткен кінә артар тағдырға кім?
 Тағатымды тауысып алдым жаңым,
 Ұмытқасын бұрынғы жолдың бәрін,
 Жас аралас жұттым ғой жаңбыр дәмін...
 Не барын ғой білмейді-ау алдында адам,
 Бос қалбырдай жан-жүйем қаңғырлаған.
 Қолға қонған құсынан қапы қалған,
 Қырын қарап жүр әлі тағдыр маған.
 Жүргегімнің таба алмай сосын да емін,
 Лаулаған сезім отын өшіргемін...
 Қателігім болса егер кешір менің!
 Мүмкін сенің есіндеңін??

ҰМЫТЫЛҒАН ВАЛЬС БИ

Сезім қылын жүректе тербекесін,
 Көз алдымға елестеп, Сен келесің?!

Есімді алып орыс қызға еліккен,
 Дәңгелесін, вальс би дәңгелесін...

Бұл өзі қадам еді құтілмеген,
 Би залында шылыммен тұтіндеген.
 Көзсіз еріп кетіппін, көзсіз еріп –
 Жүргіме сондағы лұпілдеген?!

Махаббаттың лаулаған отын жағып,
Екеуіміз де өртендік,
лапылладық.
Тіл байланы берді ғой мендегі осы,
Үн қата алмай өзіңе дәтім барып.

Вальс би қызған сайын клубтағы,
Өзгедей бөтен ойды жуытпады.
Мойыл шашың, нәркес көзің гажайып,
Жүргімді тұтқындаپ, құлыптағы...

Бүгінде жарамас-ау жасырғаным,
Құлпырып гүлдей неге ашылмадың?
Өзегімді өртейді өкінішім,
Сүйе тұра, сүйе алмау – расында мұң!

Табыспаған тағдырлы ағыс қын,
Сен қазір Ресейдесің, алыста үйің?!
Жиі есіме аламын жүрек сыздап,
Ұмыт қалған сонау бір вальс биін...

НӘПСІГЕ ҚҰЛДЫҚ

Сен де құлы, мен де құлы нәпсінің,
Сезінеміз сезімнің сел тасқынын.
Ши-қамысты бауыр басып апанға,
Үріп тұр ғой бөріжалды қасқырым...

Сен де талдың, мен де талдым, таусылдық,
Қос жүректі от құшаққа қаусырдық.
Алпыс екі тамырды иген керемет,
Шекемізге симай тұрган қан сүмдік?!



Сенде де жоқ, менде де жоқ ақыл-ес,
Көрмегендей мұндаі ләззат татып еш?!

Жансүйерім жатса тулап, үздігіп,
Құмарлықтан қалмаймын ғой заты кеш?..

Сен де күйдің, мен де күйдім, лауладық,
Одан шығу мүмкін емес сау қалып?!

Екеуіміз де құлы болып нәпсінің,
Бірімізді бірімізден жауладық...

ЖАРИЯ ТАНДАУ ЖАТ БІЗГЕ

Қыз-жігіттер жан сырны,
Жария еткені жарай ма?

Махаббатын бал-шырын,
Талқы сөзі санай ма?!

«Қалаулымды» қаламай,
Жүргенім де осы ғой.

Астарына қарамай,
Жұртым жатыр қосып ой?!

Біреулері оны осы,
Бақыт табар жер дейді.

Ондай құстың елесі,
Қолға қона бермейді...

Бар болғаны әзірге,
Бір-екі жұп қосқаны.

Оның бірақ өзінде,
Есейген егде жастағы.

Ашылып олқы, кемісі,
Біреуге-біреу жақпайды.
Іздегеннің көбісі,
Қалаулысын таппайды.

Жар іздеген пендеге,
Осындай бір мезетте.
Сырласатын бөлмеге,
Барудың өзі қажет пе?

Мұның бәрі түп-тура,
Эфирден бірден берілсе,
Болып соңы тіпті ура,
Жұп табар ма сеніңше?!

Жарнамасы шақырған,
Ұқсап кетер саудаға.
Жүрттың басын қатырған,
Бұл өзі – ток шоу ғана!

Мәлдіреген махабbat,
Қауыз ашқан гүлмен тең.
Жария таңдау өте жат,
Болмасын ұят бізге ертең?!

СЕН МЕҢІ САҒЫНДЫРМА

Жастиқ алыс оралмас сағым қырда,
Қайта мені күйдірме жалын жырға?!
Жадымда жазылғаның бәрін өшір –
Жаным, мені сен енді сағындырма!

Қамалып қалсам-дағы қалың мұнға,
Бәрібір мені аяма, сағындырма.
Өшір енді түп-түгел естегімді,
Сіңіп кеткен судай қып бәрін құмда...

Жауап қатпа хатыма, жаның нұрда
Көз жасыңа еркінді бағындырма.
Жүздеспей-ақ қоялық, жолатпашы –
Есігінді тырматпа, жалындырма.

Іздестіріп сандалтып, сабылдырма
Елесіце естегі табындырма.
Жадымда жазылғаниң бәрін өшір –
Жаным, мені сен енді сағындырма!

Ұйқы бермей мазалап жүр әр түнім,
Көңіл күйдің жиып қойдым артығын.
Жабыққаннан безіп кеткен бәрінен,
Бүтін емес, жаным жудеу жартымын.

Үзілгесін сенен хабар алтыным,
Ой-қиялдың қанатында қалқыдым.
Бірақ әлі ұмыта алар емеспін,
Сағыныштың ұрттап ішіп сарқынын...

Алыстаған армансың сағымдай кек,
Сені іздеген жүректе дамыл ғой жоқ.
Таңдайымнан кетпейді-ау дәмі қалған,
Махаббаттың тәп-тәтті балындар бол?

Елестейсің сездірмей,
Білінбей кеп,

Кигенің сол – баяғы қызыл көйлек...
 Қөзіме оттай басыла бересің-ау,
 Махаббаттың солмайтын гүліндей бол?!

Қолдан сусып кеткен бір бұрымдай бол,
 Откен күннің қалмады-ау бірінде айғақ?!
 Сағынышым жатыр ғой жансандықта,
 Махаббаттың ашылмас сырындай бол!

Сездірер болсам егер ойымды айқын,
 Кезім бұл бәрін екшеп, пайымдайтын.
 Жыр кемемнің желкенін жиып тастап,
 Жағама жақындаым қайырлайтын...

Болар осы тоқтамым, байламым да,
 Тең ұстап тұрсам деймін қай жағын да.
 Бекім-шығыр тастадым су түбіне,
 Тұрақтап қалар мәңгі айлағымда?!

Жан жүдеген жайым бұл жалқын қалып,
 Балықшыдай отырган толқын бағып.
 Теңіздей тебірентер шабыттым жоқ,
 Қармагымды қаппайды алтын балық!

Көз алдыма келеді күнде елесің,
 Ұмыта алмай жүргенім шығар мүмкін?
 Қайырлатып жанымға мұңқ кемесін,
 Бәрі, бәрі жоқ болып, тынар бір күн...

Басылмай-ақ қойды ғой сағынышым,
 Қекжиекке, сағымға көп үңілем...



Жабығумен жүдеген жаным үшін,
Таба алмаса қайтемін көңілім ем?!

Есімдесің, өшіре алғаным жоқ,
Өшіргім де келмейді енді менің.
Қолға қанбас бақытым, арманым боп,
Жүрегімде жыр болып мөлдіредің?!

Жастық алыс жандырып, алып ұшқан,
Солды қазір сарғайып гүл белесім...
Сағыныштан шығар-ау, сағыныштан,
Көз алдыма келеді күнде елесің!

Тартып жүрсің мені өзіңе не қүшпен,
Дәм татқандай болам тәтті жемістен?
Жүрегімнің жырын қайта оятқан,
Сені сүймеу мүмкін емес періштем!

Қайта күйіп, қайта жанып, балқыдым,
Қармалар шақ таянғанда жар түбін...
Өлтірмейтін менің муз-періштем,
Сені сүймеу мүмкін емес алтыным!

Қалмаған да шығармын мен есінде,
Қолдан сусып бақыт күн, бәрі де ұшты...
Сезгенім жоқ, жаным-ау, сенесің бе,
Сен жағынан ешқандай сағынышты?!

Сезгенім жоқ, әлі де сезінбеймін,
Сағынып жаның жүдеп, мұң кешкенін...
Сендері неткен мықты төзім деймін,
Қатемді баяғы өткен бір кешпедің?!

Жандырып мені барасың,
 Жаным-ау саған сезім құл?!
 Сезбекен соны боласың,
 Сүймесең сүйме, өзің біл.

Біреудің бақыт бағында,
 Сайраган құсқа балагам.
 Сүйілмес, сүймес шағымда,
 Өлдім-ау ғашық жарадан?!

Кім білген бұлай боларын,
 Таусылмай әзер түр шыдам.
 Мөлдіреп сениң жанарың,
 Қарашығыңа түншығам...

Көнілден бірақ сен көшіп,
 Жатқанын гой білмейсің?
 Жүргегесін тендесіп,
 Көзіңде де ілмейсін.

Қайырладым кемедей,
 Желкендері жұлдынған?!
 Сезім теңіз – телегей,
 Шырылдал түр шыбын жан...

Ағымнан осы жарылып,
 Жеткіздім жүрек сөзін бұл.
 Жүрмін гой саған зарығып,
 Сүймесең сүйме, өзің біл?!



Сені ғой әлі сағынам,
Сені ғой әлі іздеймін.
Балқаш көлі жағынан,
Әлі де үміт үзбеймін...

Кекжиекке үңілем,
Кек сағымды құшамын...
Жыр жазып саған түнімен,
Тыңдаймын таңғы құс әнін?!

Алыстан жеткен тырнаның,
Шошынам естіп сұңқылын.
Жанымды неге тырнадың,
Тағдырдың желі бір қырын?

Мен үшін өзің сүйіктім,
Бұрынғы раушан гүлдейсің...
Лағындайсың киіктің,
Жатсынуды білмейсің?!

Білмеймін көңіл көгінде,
Қалдым ба, әлде қалмадым?
Жетпістің мынау шебінде,
Ауыр ғой осы жанға мұң...

Енді мені іздеме,
Үнсіздікпен ұмыттыр...
Ұғыспадық біз неге,
Болмайды еken біліп бұл?!

Енді мені сағынба,
сағыныштан сарғайма.

Кетпесе де бағынба,
Балдың дәмі таңдайда.

Енді мені ойлама,
Суретімнің жырт бәрін.
Шошынбай-ақ, жай қара
Тықырына түтқаның...

Деп өтінген сезімнің,
Мейлі бәрін ұмыттыр?!
... Бірақ, бірақ өзімнің,
Жаным жылап ұлып тұр...

Талды ғой әбден қарашық,
Ертең не маган, бүгін не?
Тұрсам да Құнмен таласып,
Енемін барып інірге...

Жабығып кетті жан жүдеп,
Жұтаған көңіл жүрдай бол.
Қансыраган қан жүрек,
 Тағдырга көнген құлдай бол...

МЕНСІЗ ҚАЛАЙ ҒҰМЫР КЕШТІҢ?

Кескінді гүл едің ғой, кескінді гүл,
Сүйгенім жоқ дәл сендей ешкімді бұл?!
Қауашагы сияқты ек бір собықтың,
Менсіз қалай жаным-ау кештің ғұмыр?

Болдың қалай жаным-ау жаттың бағы,
Бақыт дәмін неге өмір таттырмады?



Жүрегіңнен сызылып қалды қалай,
Ұмытылмас сонау бір шақтың бәрі...

Құрбаны боп кеттік пе көз киенің,
Сен – сұлу қызы, мен – ақын, сөз би едім.
Қалдық қалай адасып, қоса алмадық –
Сағым басқан көңілдің көкжиегін?!

Өзгергендей тұнығым тұнып тұрып,
Жылағандай жүргім құліп тұрып.
Қаншама жыл арада өткенімен,
Кете алмай жүр өзінді ұмыттырып.

Ой-қиялда бір үшқын, жасын қапты,
Найзағайлап, құркіреп, тасырлатты...
Құн еңкейіп, іңір жетіп қалғасын,
Жасыра да алмайсың жасырмақты?!

Жүр гой қазір бәріне жібіп жүрек,
Тереңінде жатса да тілімді көп.
Қаншама жат болсаң да жаным сенің,
Маған қымбат екенің білінді көп.

Сөкпейді ғой біздерді бүгінде ешкім,
Сүйген жүрек сырлары білінбес тым?!
Сені ойлаумен жанымды жараладым,
Менсіз қалай сен өзің ғұмыр кештің??

Көктем өтіп,
Енді жаз іргесінде,
Көңіліме күншушақ кіргесін бе?
Қалам алып қолыма,

Ой кешемін –
Кейін қалғым келмейді жыр көшінде.

Кейін қалғым келмейді,
Кейін қалғым,
Көз жетпес көкжиекке дейін бардым...
Толқынысын іздеймін жүрегімнің,
Жазылмаған жырымның,
Қайырмамның?!
Жеткізбейді жылыстап,
Сағым белен,
Сағым белден бергісін бәрін көрем...
Гұл қауызға сыймайды,
Ашылады –
Елжіретіп,
Құйдірген жанымды өлең!

Жақсы екен гой,
Сезініп,
Жан ұққаны,
Мұның бәрі баяғы шабыт қамы.
Жүре бергім келмейді енді менің,
Өгіздейін –
Жегілген қамыттағы...

Сүйдірсең –
Бұрынғыдай сүйдір деймін,
Құйдірсең –
Бұрынғыдай күйдір деймін?!
Өлең үшін тугасын,
Өлең үшін –
Мен өзіме басқадай күй білмеймін.



Жүргегімнен төгіліп, жосып өлең,
Жазылғасын көңілдің хошыменен.
Өмірімнен өзекті сыр шертетін,
Соңғы дәптер толды ғой осыменен?!

Аздап түзеп, үстінен жәндегеннен,
Құлашым кемімейді сермеген кең?!

Кез майымды тауысқан жыр дәптерін,
Соңымда қалдыруды жән көрем мен!

МАЗМУНЫ

Бірінші бөлім ЖАЛҒАСАДЫ ЖЫР ҒҰМЫР

«Дәм-тұзым таусылғанша татып жеген...».....	6
Бұрынғыдай емеспін.....	7
Құндақ қадірі.....	9
«Құмға шөгіп, келмейді қайырлағым...».....	9
Кезден өттік.....	10
Асықтырма, әбігер етпе мені.....	11
Неге, неге?.....	12
Тагат.....	13
Бұл бір дүние.....	14
Науан наурыз – ұлысым!.....	14
Бақыттым мен бағым сенсің, астана!.....	16
Көркейген қызылжарым.....	18
Қымбат маған іңір күн.....	20
«Ішілмейді бұрынғыдай бұл шарап...».....	21
Сәтсіздік және сәттілік.....	22
Босқа кеткен уақыт жайында.....	22
Іздемеймін.....	24
Ала түнді тәрік қып.....	25
«Өмірден аз көрейін, көп көрейін...».....	26
Жаратқанның бүйрығы.....	27
Ауылдың мұңы қалың.....	28
Ең соңында кім қалары белгісіз.....	29
Ауыл құрып барады.....	30
Бұрынғы ауыл жайы жоқ.....	31
«Тірегі бол жарытпадық тұндіктің...».....	32
Құнәлілік хақында.....	32
Боқ тірлік.....	33
«Жаңымдағы кім үғар дауыл сұғын...».....	33
«Түсінбедім мен оны қалай бұрын...».....	34

«Тасығанмен қашама көңіл бүгін...».....	34
«Разы емеспін...».....	35
Мұң болады адамда.....	36
«Өмір етіп барады...».....	37
Қайтар мені.....	38
«Өмір өзі жұмбақ қой...».....	39
«Өмірден кім көспінегер татқан дәмді...».....	40
Көрілік – құздің желі.....	41
Өлдің, біттің.....	42
Откеннен соң.....	42
«Орындалмас әмірмен...».....	43
«Үйреніскең өмір ғой...».....	44
«Жетегінде жүрген әлі...».....	44
«Кеткесін ғой жасындан ғадет қылып...».....	45
«Қазақ үшін бір жай бар қындаған...».....	46
«Өтіп жатыр жылыстап...».....	46
Мағжан жырға бойладым.....	47
Құлаған құздан қаршыға.....	49
Қалай сөнсін жарық күн?.....	49
«Еліңе қайт, еліңе!».....	51
Күлден кебін киіпсің.....	52
Ананы сағыну.....	53
Жиен ағама.....	54
«Өз алдыңа үй болып...».....	56
«Бала кезден сезінген...».....	56
Асыл жарыма.....	57
Ақын ағама.....	58
Сайлау мен сайлану жайында.....	59
Қабыспай түр әмірмен.....	60
Ізбасар.....	61
Шегінуге болмайды.....	61
Теріскейлік дегенге келіспеймін.....	62
Аяқдоптан жоқ үміт.....	63
Бұрынғы орақтай емес.....	64

Өзімді одессалықтай сезінем.....	65
Долайнор.....	66
Обыр тажал.....	67
Жұмалық.....	68
Әлбидак.....	69
Тойымсыз ындын.....	70
«Толып кеткен жағалай жуан қарын...».....	71
Шіріген жұмыртқа.....	71
Бір інішекке.....	72
Ұялы байланыс.....	73
Төрдегі орын.....	74
Соғым еті.....	76
Сүрдің дәмі.....	76
Құпіге киім жете ме?.....	77
Құлен қора.....	78
Шошала.....	79
Бақыр ақшаның құны жоқ.....	80
Мұнай бағасы.....	82
Құлқі құні.....	83
Үйсіз-құйсіз мұскіндер.....	84
«Мәңгілік полк» шеруі.....	85
Қабыргасы жылап тұр.....	86
Шам еліне туар емес тыныш құн.....	87
Тағы соры қайнады.....	88
Елдікке жатпайды.....	89
Газа аймағы дүрбелен.....	90

Екінші бөлім
КӨҢІЛДЕН КӨШТІ КӨП ЕЛЕС...

Ақырғы сын.....	93
Сенбей жүрмін.....	93
Шытынамай шаққа тұр.....	94
Құстармен қоштасамын.....	95
Күз белгісі.....	96
Бүгін сениң туған күнің.....	97
Құлышым-ау, қуантып сен жүргендे.....	98
Елжіреткен еріксіз.....	99
«Аталаған даусың сондай әдемі...».....	100
Ойна, жаным!	100
Ортамызда ерке лақ.....	101
«Сыртқа шықса болғаны...».....	102
«Қоңыржай тартқан демімен...».....	103
Құс базары тарады.....	104
Қазанда қар жатты.....	105
Қар жатып қалды.....	106
Қаңтардың сарышұнақ аязы.....	107
Орман кезіп бұғым жүр.....	107
«Ақпан туып қаңтарды тақымдаған...».....	108
Қыстың сәні мамық қар.....	109
«Қар түспеді жарытып...».....	109
«Күн ұзарып, кеңейіп көп тынысы...».....	110
Жөнін берді.....	110
Көктайғақ.....	111
«Жіпсіп, босап жатқасын жыра жақ бұл...».....	112
Биыл тасқын болар ма екен?	112
«Құс қайтатын думанды...».....	113
Наурыз түнде.....	114
«Беріспей тұр, қыс қасарысып...».....	115
Тұн.....	115
«Сәуір келді, қырдағы...».....	116

Күн райы бұзылып тұр.....	117
Есік көлі.....	117
«Келді ғой, міне, тағы нұр көктем...».....	118
«Тағы жауып кетті күн...».....	118
Көктемге көңіл болды зар.....	119
Шие ағаштар гүлдемей тұр.....	120
«Жаз туды ғой, күн жылынды...».....	121
Егін себу кешікті.....	121
«Соңғы дәптер деп едім...».....	122
«Ойымның маржаны осы...».....	123
Шешілу.....	124
«Тілім-тілім жыры жүректі мазалап...».....	125
Кекірекке құйын шабыт келгенде.....	125
Маралға.....	126
«Кекірегімде тұнып тұр тұнық өлең...».....	127
«Ақ қағазды тағы да шимайладым...».....	128
«Шабыт безіп кетті ме мүмкін менен...».....	129
«Қалыс қап жүрмін бәрінен...».....	129
«Қарауылға іліккен адырнада...».....	130
Көніл сыры.....	130
«Тоқырадым, тағы да тоқырадым...».....	131
Жырымда менің тілегім.....	131
«Жазған жырлар жыртылар...».....	132
«Өткінші өмірдің...».....	133
«Көніл қүйі бұрынғыдан орталау...».....	133
«Жаным ғой жап-жарық...».....	134
«Өмірдің қимас шағы, сайранында...».....	134
«Іздеғенмен жыр сезім...».....	135
«Үрпек сезім үркеді...».....	136
«Ұялшақ ем...».....	136
Ұмытылған вальс биі.....	137
Нәпсіге құлдық.....	138
Жария таңдау жат бізге.....	139
Сен мені сағындырма.....	140

«Үйқы бермей мазалап жүр әр түнім...».....	141
«Алыстаған армансың сағымдай көк...».....	141
«Сездірер болсам егер ойымды айқын...».....	142
«Көз алдымға келеді күнде елесің...».....	142
«Тартып жүрсің мені өзіңе не құшпен...».....	143
«Қалмаған да шығармын мен есінде...».....	143
«Жандырып мені баrasың...».....	144
«Сені ғой әлі сағынам...».....	145
«Енді мені іздеме...».....	145
«Талды ғой әбден қарашиң...».....	146
Менсіз қалай ғұмыр кештің?.....	146
«Көктем өтіп, енді жаз іргесінде...».....	147
«Жүрегімнен төгіліп, жосып өлең...».....	149

Тоқтар ЗІКІРИН

БҰЛ БІР ДӘҮРЕҢ

Редакторы *Набира Мухамедијрова*

Беттеген *Алина Искакова*

Мұқабаны көркемдеген *Алина Искакова*

Корректоры *Шолпан Ахметова*

Басуға 24.09.2018 ж. қол қойылды. Қалыбы 84x108¹/₃₂.
Басылымы оффсеттік. Қаріп түрі «DS Times». Көлемі 10 б.т.
Таралымы 2000 дана.

«Асыл кітап» баспасы
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143
тел/факс: +7 (727) 394 41 67
+7 707 178 12 94



Тоқтар ЗІКІРИН

1949 жылы 22 тамызда дүниеге келген. Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын (бұрынғы Сергеев) ауданындағы Балуан ауылының тумасы. Карагандыдағы кооперативтік сауда институтының түлегі. Біраз жыл экономист мамандығы бойынша қызмет атқарған. Одан кейін «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетіндегі тілшілік қызмет атқарып, болім менгерушісі болды.

Ақынның қаламынан «Жан шуағы», «Көңіл кекжиектері» және «Тіршілік тынысы» жыр жинақтары жарық көрген. Республикалық, аймақтық жыр мүшәйраларының женімпазы.

